БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 144 (9462) | 1954 жылғы 21 июль Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Қыздар, бізге —тың жерлерге келіңдер! Маринов совхозының комсомолкаларының хаты (1-бет).

БАРЛЫҚ КҮШ-МҮМКІНШІЛІК ЖЕМШӨПТІ МОЛ ДАЙЫНДАУҒА ЖҰМСАЛСЫН: **Ф. Мусеевич.** — Әрбір гектардан 20 центнер. **А. Шаламов.** —Міндеттемемді аброймен орындаймын (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: **Е. Рахметов.**—Кеңсешілдік-төрешілдік әдіс —істі ілгері бастыруға бөгет (2-бет).

Г. Неспрядько. —Комбайн агрегаттарын егін жыйнауға тез, сапалы әзірлейік (2-бет).

ОБЛЫС КӘСІПОРЫНДАРЫНДА: **Г. Смелов.**—Егін жыйнауға көмектесеміз. **В. Охременко.** —Лайықты тарту (2-бет).

Жемшөп дайындау ісі партия ұйымдарының қатаң бақылауына алынсын (2-бет).

Петропавл ауданында (3-бет).

А. Жандеркин. —Қазақ ССР-ніңпавильоны (3-бет).

Екі МТС механизаторларының жарысы (3-бет).

КИНО: **Ғ. Жахин.** —«Кәмелеттік аттестат» (3-бет).

Бүкілқазақстандық жетінші спартакиада (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Бригада мен фермадағы партия топтары

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль- март және июнь Пленумдарының қарарлары бұрын ел мекендемеген тың және тыңайған жерлерді игеру арқылы елімізде астық молшылығын жасау, жеңіл өнеркәсібімізді шикізатпен қамтамасыз ету міндетін қойды. Бұл ағі міндеттерді жүзеге асыруда партияның негізгі буыны —бастауыш партия ұйымдары және бригадалар мен фермалардағы партия топтары ерекше зор роль атқарады.

Бригадалар мен фермаларда партия тобының құрылуы партияда жоқ адамдар арасында бұқаралық -саяси жұмысты жақсартуға, олардың еңбек өнімділігін арттырын, өнімнің өзіндік құнын кемітуге көп әсерін тигізуде. Көктемгі егіс күндерінде облыс МТС-терінің трактор бригадаларында көптеген партия топтары ұйымдастырылды. Олар механизаторлар арасында партиялық- саяси және партиялық -ұйымдастыру жұмыстарын жоғары дәрежеде жүргізе отырып, бригадалардың көктемгі егісті қысқа мерзімде, сапалы аяқтап шығуын қамтамасыз етті.

Осындай партия топтарының бірі Преснов МТС-нің қамтуындағы «Прибой» колхозында жұмыс істейтін трактор бригадасындағы партия тобы. Мұнда үш коммунистен партия тобы құрылған. Топты тәжрибелі коммунист Черкашин жолдас басқарады. Партия тобы бригада мүшелері арасында саяси- тәрбие жұмысын өрістетіп, еңбек тәртібін үлгілі ұйымдастыру арқылы көктемгі егісті қысқа мерзімде аяқтауды қамтамасыз етті. Бригадада жоспар бойынша 500 гектар тың және тыңайған жерлерді көтеру керек болса, оны 578 гектар етіп орындады. Мұның үстіне 430 гектар жұмсақ жер жыртылды. Бригада жаңа жерлер есебінен пар жырту жұмыстарын да айтарлықтай аяқтап шықты. Әрбір 15 аттың күші бар трактормен 600 гектардан астам жер жұмыстады.

Партия тобы мұндай ағі табысқа механизаторлар арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, оны жария ету, озат механизаторлардың жұмыс үлгілерін көпшілік игілігіне айналдыруды ойдағыдай ұйымдастыру арқылы жетісті. Үлгілі механизаторлардың іс үлгісі жауынгерлік листоктар арқылы насихатталып отырды. Мұнымен бірге, партия тобы бригада нәтижелерін беруде. № 2—3 бөлімшелердің әрқайсысы қысқа мерзім ішінде 3 мың центнерден аса шөп маялады. Тіркемелі кеңалымды шөп машинасының машинисі Безверхов және тракторшы Әртель жолдастар ынтымақтаса жұмыс істей отырып, 20 гектардың орнына, күн сайын 30—35 гектар алаңның шөбін шабуда. Аталған бөлімшелерде шөп шабу, оны үю және мал фермаларына тасу жұмыстарының арасында алшақтық жоқ.

Партия топтары бригадалардағы, фермалардағы барлық шаруашылық жұмыстарына жауап береді. Олардан бригада мүшелерінің социалистік жарысқа ұштасуын қамтамасыз ету, сол арқылы шаруашылық жұмыстарын ілгері бастыру талап етіледі. Партия топтары коммунистер мен комсомолецтердің авангардық роль атқаруына жетісін, партияда жоқ адамдарды өзінің төңірегіне топтастыру арқылы фермадағы, бригададағы еңбек тәртібін нығайтуды, өндірістік жоспарды мерзімінде және асыра орындауды қамтамасыз етуге міндетті.

Алайда, кейбір топтар осы айтылған талаптар дәрежесінде жұмыс істей алмай отыр. Бірқатар партия топтары өнімнің өзіндік құнын кемітіп, еңбек өнімділігін арттыру үшін күреспейді. Мысалға, Тоқпын совхозының № 3 фермасының партия тобын алайық. Мұнда Нұралин жолдас бірқатар уақыттан бері топтың жетекшісі болып істейді. Ол фермадағы коммунистерге партиялық тапсырмалар беріп, оның орындалуын бақылауға алып отырмайды. Бұқаралық-саяси жұмыс шаруашылық жұмыстармен ұштастырылмай, жалаң жүргізіледі. Ферма қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар уақытында шығарылып, онда озат малшылардың, шөпшілер мен механизаторлардың тәжрибелері насихатталып, жұмыстағы кемшіліктер қатты сынға алынбайды.

Топтың жеке коммунистермен, партияда жоқ активтермен байланысы нашар. Нұралин жолдас трактор бригадаларында тым сирек болады. Ол көктемгі егіс күндерінде бірде- бір бригадада болмаған. Топ ферма басшыларының жұмысына бақылау жасап, оған бағыт беріп отырмайды. Фермада партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарының өз дәрежесінде бо-

Барлық күш-мүмкіншілік жемшөпті мол дайындауға жұмсалсын

ҚЛКЖО Совет аудандық комитеті лы МТС-нің тракторшылары комсомо комитетінің мақтау грамоталарын берді.

СУРЕТТЕ: аудандық комсомол рып тұр.

☆

Жемшөп дайындау қарқыны күшейтілсін

Булаев МТС-нің қамтуындағы «Новый путь» колхозында мал азығының берік қорын жасауға күш-мүмкіншілік жеткілікті. МТС тарапынан 2 өздігінен жүретін, 2 тіркемелі кеңалымды шөп машиналарының агрегаты және басқа құрал-саймандары бөлінген. Мұнымен бірге, колхоздың өзінде 10 көлік шөп машинасы мен онға тарта тырнауыштар бар.

Бұл машиналар жұмысқа іскерлікпен пайдаланғанда күн сайын кемінде 150—160 гектар пішен шауып, жыйнауға болады.

Колхозда 10 көлік шөп машинасының бірде-бірі жұмысқа қатыстырылмаған. Керек десе, олардың көбі жөнделген де жоқ. Сол сияқты, көлік тырнауыштары да жұмысқа толық пайдаланылмайды. Бұл кемшілікті колхоз председатели Уайлин жолдас жұмысты саны жетіспейді деп дәлелдегісі келеді. Бұл шындық емес.

Пішеншілер бригадаларында еңбек тәртібі нашар. Мұнда жұмыс кеш басталып, ерте аяқталуы әдетке айналған. Соның саддарынан пішеншілердің еңбек өнімділігі төмен. Шөп шабуда жүрген кеңалымды шөп машиналарының машинистері күнделік тапсырмаларын орындамайды. Мәселен, 2 өздігінен жүретін және 2 кеңалымды шөп машиналарының агрегаттарымен күніне 100—120 гектар пішен шабуылы керек болса, соңғы бескүндікте небары 297 гектар ғана шөп шабылған.

Колхозда шабылған шөпті жыйнау, маялау жұмыстары да қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. Мұнда пішеншілер қажетті құрал- саймандармен қамтамасыз етілмеген. Сол сияқты, 500 гектарға жуық шабылған шөп күні бүгінге дейін маяланбай жатыр. Пішеншілер арасында өзара социалистік жарыс формальді түрде ұйымдастырылған. Пішеншілердің социалистік жарыста алған міндеттемелерінің орындалуы қадағаланбайды. Олардың арасында ұгіт- бұқаралық

Әрбір гектардан 20 центнер

Біздің агрегаттың мүшелері Соқолов ауданындағы Пушкин атындағы колхозда пішен шабуда. Күніне агрегат мүшелері норма бойынша 20 гектар шөп шабуға тиіс. Бірақ, жұмысты барынша өнімді істеуді өзімізге міндет етіп қойдық. Өзімізді күш-мүмкіншілігімізді есептей отырып, смена сайын кемінде 25 гектар пішен шабуға міндеттендік.

Алдымен шабындық участокті күні бұрын белгілеп, оның көлеміне қарай, неше сағатта, болмаса неше күн ішінде шауып бітіруді белгілеп алдық. Бірақ, мұны-

Міндеттемемді аброймен орындаудамын

МТС-тің басқа да пішеншілері сияқты мен де мал азығын дайындау маусымына барлық жағынан үлгілі өзірлікпен кіріскен болатынмын. Колхоздарда қоғамдық мал үшін жемшөптің берік базасын жасау жолындағы МТС механизаторларының өзара социалистік жарысында өздігінен жүретін шөп машинасының қуатын өнімді пайдаланып, маусымда 1600 гектар пішен шабуға міндеттендім.

Бір маусымда 1600 гектар жердің пішенін шабу үшін күндік норманы кемінде біржарым есе орындау керек. Бұл үшін жұмыс уақытын тиімді пайдала-

Жданов атындағы колхозда мал азығын дайындау жоспарының тең жартысы да орындалған жоқ. Сондықтан колхозшылар мен МТС механизаторлары еңбек қарқынын күшейтіп, колхозда мал азығын дайындау жоспарының толық орындалуын қамтамасыз етуге тиіс. Сонда ғана мал басы көбейіп, оның өнімділігінің арта түсуіне мүмкіншілік туады. Бұл іске өз үлесімді қосу мақсатыммен кәзір күн сайын 2—2,5 норма орындап жүрмін.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленум-

комитетінің өкілі **П. Чугунова** жолдас Панченкоға мақтау грамотасын тапсы

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

[illegible] тарлы тақырыпта әңгімелер өткізуді, көркем әдебиеттерден, журналдардан дауыстап үзінділер оқуды ұйымдастырды.

Көзіргі бригадалар мен фермалардағы партия топтарының негізгі міндеттері — СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысын бригадалар мен фермаларда жұмыс істейтін адамдар арасында кеңінен насихаттау. Сол арқылы еңбек тәртібін онан әрі нығайтып, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға жетісу. Қандай істің болса да, тетігін адамдар шешеді. Олай болса, бұқаралық- саяси және ұйымдастыру жұмыстарын істің тағдыры шешілетін жерлерде —бригадаларда, фермаларда жүргізу партия топтарының бүгінгі таңдағы кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі.

Мұндай маңызды міндетті жете түсінген Булаев ауданындағы Чистов совхозының бөлімшелеріндегі партия топтары механизаторлар мен шөпшілер арасында июнь Пленумы қаулысын насихаттауды үлгілі ұйымдастыруда. Бөлімшелердің партия топтары июнь Пленумының қаулысы газеттерде жарияланысымен-ақ оны насихаттауға қызу кірісті. Партия топтары бригадалардың өндірістік жыйналыстарында Пленум қаулысын талқылауды ұйымдастырды. Мұнда совхоз жұмысшылары мен қызметшілері СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын шын жүректен қуаттап, оған жауап ретінде көтеріңкі міндеттемелер алды. № 2—3 бөлімшелердің коллективтері егін орағына үлгілі әзірленіп, оған дейін қоғамдық малды жемшөппен толық қамтамасыз етуді ұйғарды. Бұл бөлімшелердегі партия топтарының жетекшілері Белобородов, Нұрғожинов жолдастар механизаторлар мен жұмысшылар алдында Пленум қаулысы жөнінде баяндамалар жасады.

Партия топтарының партиялық- саяси және ұйымдастыру жұмыстарын жоғары талаптар дәрежесінде жүргізуі өзінің игі [illegible] болды. Сонымен бірге, [illegible] шаруашылық- ға айналдыруға кері[illegible] әсер етуде.

Партия топтары жұмысының нәтижелі болуы оған бастауыш партия ұйымдары мен аудандық партия комитеттерінің басшылығына байланысты. Олар топтың жұмысын жақсарту үшін, алдымен, тоқа жетекшілікке қолынан іс келетін, тәжрибелі, ұйымдастырушылық қабілеті бар коммунистерді іріктеп алуы керек.

Бірақ, кейбір бастауыш партия ұйымдары партия топтарының жұмысына бақылау жасап, оған бағыт беріп отырмайды. Жұмыстағы иесіздікке көріне- көзге жол береді. Мысалға, Соколов ауданындағы Қазақстан атындағы колхоздың партия ұйымын алайық. Бұл колхозда жұмыс істейтін Сейітқалиев жолдас басқаратын Соколов МТС-нің № 6 трактор бригадасы көктемгі егісті қысқа мерзімде, сапалы аяқтап, МТС-тің ауыспалы Қызыл туын алған болатын. Ал, көзір бригададағы жағдай кенет өзгерді. Бригада мүшелері өздерінің сменалық тапсырмаларын орындамайды. Бригадаға бастауыш партия ұйымы, оның секретары Ершов жолдастың тарапынан басшылық нашар. Бригадада партия басшылығының нашарлығы техниканың өнімді пайдаланылмауына әкеліп соқты.

Партия топтары механизаторлардың мамандығын жетілдіруге үнемі көмектесіп, оларды СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы алға қойған міндеттерді орындауға жұмылдырып отыруға тиіс. Мұнымен бірге, жұмыстың озат әдісі болып табылатын—социалистік жарысты өрістетіп, еңбек озаттарының бағалы бастамаларын деркезінде қолдап, оны көпшілік игілігіне айналдыру арқылы бригаданың, ферманың жаңа еңбек табыстарына жетуін қамтамасыз ету керек. Міне, сонда ғана, бригадалар мен фермалардың партия алға қойған талаптарға сай жұмыс істеуіне жетісуге болады.

ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленковтың Финляндия Сыртқы істер министрі Урхо Кекконенді
ҚАБЫЛДАУЫ

19 июльде ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков Финляндияның Сыртқы істер министрі Урхо Кекконенді қабылдады.

Қабылдауда ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші Орынбасары А. Я. Вышинский болды.

ЖАҢА ОҚУ ПРОГРАММАСЫ

РСФСР Оқу министрлігі жаңа оқу программасын және жоспарларын жасауды аяқтады. Бұлар мектептерде политехникалық оқуды өндіріс өмірімен ұштастыра отырып жасалынған.

Быйылғы жылдан бастап 1—4 кластарда қол еңбегі сабағы енгізіледі. Балалар ағаштан және қағаздан әртүрлі бұйымдар жасауды, өсімдікті және малдарды күтуді үйренеді. Бесінші кластың оқушылары антасына екі сағат мектеп жанындағы участоктерде және мастерскойларда еңбек ететін болады.

Жетінші кластарда химия жөнінде, сегізінші кластарда — физика жөнінде, бесінші кластарда —математика жөнінде жаңа программалар енгізіледі. Мұнымен қатар бесінші кластың оқушылары счеттарды пайдалануды, жердің үлгісін жасауды, өлшей білуді үйренеді. 7 және 8 кластарда сызу сабағы жөнінде жаңа программа енгізіледі.

Жоғары кластың оқушылары да практикалық пайдалы дағдылар үйренеді.

Мұнымен қатар оқушылардың сабақбастылығын жою шаралары қолданылады. Биология жөніндегі программа едәуір қысқартылады. Арифметика, орыс тілі, жаратылыс тану, география, шетел тілдері, тарих жөніндегі программалар жетілдіріледі. Логика мен психологияны үйрену уақыты екі есе қысқартылады.

Жаңа программа бойынша сабақ бірінші сентябрьде басталады. Бұл уақытқа дейін оқу-педагогикалық баспасы 18 түрлі жаңа оқулықтар басып шығаратын болады.

(СОТА).

[illegible] мен іс өтпеуде. Енді[illegible] мәселе агрегаттың тоқтаусыз, өнімді жұмыс істеуіне байланысты екенінде сөз жоқ.

Агрегатта 3 кеңалымды шөп машиналары бар. Бұл машиналармен 16 жұмыс күні ішінде 400 гектардай пішен шабылды. Біз әрбір гектардан өнімнің мол алынуына көп назар аударамыз. 10 күннен бері біздің агрегат суармалы шабындық жердің пішенін шауып жүр. Оның әрбір гектарынан 20 центнер өнім алынды. Шөптің қалыңдығынан трактордың 3 машинаны тарта алмай тоқтап қалуы да жиі кездесетін болды. Сондықтан бір машинаны ағытып, екеуімен шауып жүрміз. Соның өзінде де күн сайын 20-21 гектар шөп шабылады.

Агрегат мүшелері егін орағы басталғанға дейін 700 гектар суармалы шабындықтың шөбін шауып, 14 мың центнер өнім алынуына жетісуге серт беріп отыр. Бұл күндері агрегат мүшелері өздерінің алған міндеттемелерін ажыраймен орындауға үшін еңбек өнімділігін арттыруда.

Ф. МУСЕЕВИЧ,
Соколов МТС-нің пішенші-трактор-шысы.

[illegible] ныш, машинаға техникалық күтімді уақытылы жүргізу арқылы оның тоқтаусыз жұмыс істеуіне жетісуді өзіме негізгі мақсат етіп қойдым. Көзіргі уақытта жұмысты осылай да істеудемін. Мұның өзі күн сайын 30 гектар орнына 50-60 гектар шөп шабуға мүмкіндік берді. Көзіргі уақытта барлығы 900 гектардай жердің пішені шабылды.

А. ШАЛАМОВ,
Интернационал МТС-нің өздігінен жүретін шөп машинасының машинашысы.

ЖАСТАР ЖЕМШӨПТІ ДАЙЫНДАУ КҮРЕСІНДЕ

Ленин ауданының комсомолцтері мен жастары қоғамдық мал үшін жемшөпті дайындау ісінде зор белсенділік көрсетуде. Шөп шабуда 20 комсомол-жастар агрегаты үздіксіз жұмыс істеп келеді. Бұдан басқа қоралар қасына мал азығын тасыйтын 5 бригада, шөп маялайтын 4 бригада ұйымдастырылып, ол бригадалардың мүшелері қажырлы еңбек етуде.

Әсресе, «Новый путь» колхозындағы П. Трушников жолдастың шөп шабудағы агрегаты ерекше көзге түсуде. Ол үш кеңалымды шөп машиналарының агрегатымен күн сайын 20 гектар орнына, 30-40 гектар жердің пішенін шабады. Трушников жолдас өзінің қажырлы еңбегінің арқасында кәзірдің өзінде 1200 гектар жердің пішенін шапты. Осы сияқты, өздігінен жүретін шөп машинасының машинашысы комсомолец А. Маскалев жолдас та осы колхозда 800 гектар шөп шапты.

Шөп шабуда «Еңбек» колхозындағы комсомолец И. Дувенцов жолдастың агрегаты да ерекше көзге түсуде. Ол жұмыс уақытын өнімді пайдалану арқылы күн сайын екі норма орындап келеді.

Жастар қажырлы еңбек ете отырып, мал азығының берік базасын жасауда колхозшыларға нақтылы көмек көрсете береді.

С. КАЗАНБАЕВ.

[illegible] уыш партия ұйымы бұл жауапты науқанды қатаң бақылауға ала алмай келеді.

Колхоз басшыларының мұншалықты жауапсыздыққа салынып отырғаны аудан және МТС басшыларына мәлім бола тұрса да, олар жұмысты жақсарту жайында ешқандай шара қолданбай келеді. Тіпті МТС басшылары шөп маялағыштың машинисін басқа жұмысқа пайдаланғандықтан, ол машина бірнеше күннен бері босқа қарап тұр.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы колхоз, совхоздардың алдына қоғамдық малды жемшөп қорымен қамтамасыз ету міндетін қойды. Аталған колхоз, МТС басшылары мұны еске алып, орын алған кемшіліктерден тиісті қорытынды шығаруға, сөйтіп, жемшөп дайындау қарқынын күшейтуге тиіс.

Ал, бастауыш партия ұйымы пішеншілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысын кеңінен өрістетуге, сөйтіп, мал азығын дайындаудың барысына іскерлікпен басшылық етуге міндетті. Сонда ғана қоғамдық малға жемшөптің берік базасын жасауға болады.

Б. ЖАҚЫПОВ,

ҚЫЗДАР, БІЗГЕ—ТЫҢ ЖЕРЛЕРГЕ КЕЛІҢДЕР!

Маринов совхозының комсомолкаларының хаты

Коммунистік партияның шақыруымен еліміздің барлық республикаларынан селолар мен қалалардың еңбекшілері тың және тыңайған жерлерді игеруге келді. МТС-тер мен совхоздарға көзірдің өзінде 140 мыңнан аса адам келіп, жұмысқа белсене кіріскені жұртқа мәлім. Құнарлы жерлерде жаңа совхоздар ұйымдастыру таяудағы уақытта астық пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді анағұрлым арттыруға көмектеседі. Біз мұны өзіміздің совхоздың және басқа совхоздардың мысалынан айқын көріп отырмыз. Көзір Қазақстанда 90-нан аса совхоз құрылды, соның ішінде біз жұмыс істеп жүрген Ақмола облысында 27 совхоз құрылды.

Тың жерлер игеріле бастағаннан бері аз ғана уақыт өтті. Қазақстанның даласы көзір танымастай болып өзгеріп, мұнда өмір орнай бастады. Қуатты тракторлармен көзірдің өзінде орасан көп жер жыртылды. Тың жерлерде трактор бригадаларының егіс қостары орнап, совхоздардың орталықтары салынуда —барлық жерде де қажырлы еңбек қыза түсуде.

Біздің Мариновка совхозы — осындай шаруашылықтардың бірі, бұл шаруашылық та көзір көз алдымызда өсуде, ал, бұлардың болашағы зор. Мұнда Днепропетровск, Харьков, Ворошиловград, Житомир, Полтава, Одесса, Сталинград облыстарынан және басқа облыстардан, Ленинградтан, Кисловодскіден, Алматыдан 200-ден аса жігіттер мен қыздар келді. Жұмыстың алғашқы күндерінен бастап бізде 12 адам бар партия ұйымы және 140 адам бар комсомол ұйымы бастаған тату коллектив құрылды. Бізде үш трактор-егіс бригадасы бар, бұлардың ішінде ауыспалы Қызыл туды А. Сыроватканың бригадасы ұстан келеді. 60 адам тұрын үйлер салумен шұғылдануда. Көзірдің өзінде 24 пәтер үй әзір болды, ал, 15 августқа дейін бізде 70 пәтер және үлкен жатақхана болады. Біздің құрылысшыларымыз күшін аямай жұмсап, уақытпен санаспай қажырлы еңбек етуде. Совхоздың коллективі Скворцов, Климов және Косой жолдастардың құрылыс бригадаларының адал жұмыс істейтінін алғыс айтқан сезіммен атап көрсетуде. Бұл түсінікті де —әйткені, басқа барлық участоктерде табысқа жету жақсы тұрмыс жағдайына байланысты.

Біз алыстағы далада жүрсек те, біздің ешқайсымыз елдің өмірінен оқшау қалдық деп сезбейміз. Біз өзіміз келген жерлердегі достарымызбен хат жазысып тұрамыз. Мысалы, ленинградтық қыздар Люся Семенова мен Соня Темешева Ленинградтың Желябов атындағы бояутоқыма фабрикасының комсомолецтерінен хаттар алып тұрады. Галя Непочатова Харьковтегі құрбыларымен хат жазысады.

Бізде совхоз орталығында және трактор-егіс бригадаларында радиоқабылдағыштар орнатылған, баяндар, патефондар бар, волейбол алаңдары жасалған. Жастар қызу еңбек етіп, көңілді дем ала біледі.

Әрине, біз болашағымызды, бұдан былайғы өміріміздің қалай өтетінін ойлаймыз. Мұнда ең маңыздысы өндірістік табыстарға байланысты. Бұл аранның жері құнарлы, өнімді өте көп алуға болады. Біз быйыл жоспар бойынша 600 гектардың орнына 1000 гектардан аса әртүрлі дақылдар егіп үлгердік. Жыртылған тың жерлердің бәрі алдағы жылдан бастап мол өнім бере бастайды. Біздің совхоздың қалашығы бірте-бірте бұдан да әрі өсіп үлгаяды: әртүрлі шаруашылық құрылыстардан басқа, мұнда мектеп, аурухана, асхана салынады, көлдің негізінде үлкен тоған жасау шарасы белгіленді, оның қасында парк жасалады.

Қысқы уақытта совхоздарда жұмысшы -жастардың кешкі мектептері ұйымдастырылады. Біздің көбіміз механизаторлар курстарында ауылшаруашылық техникасын —тракторларды, комбайндарды игеріп, меңгеретін боламыз. Өздеріне жеке үй салғысы келетін совхоздардың қызметкерлеріне мемлекет ақшадай қарыз беріп, құрылыс материалдарын босатуда.

Тыңға келген адамдар мұнда ұзақ уақытқа, тұрақтылықты орналасуда. Көп адамдар семьяларымен келді, ал, күннен-күнге жаңа семьялар көбейе түсуде. Біздің совхоздың дирекциясы семьясы барларға және жаңадан үйленгендерге жеке шатырлар бөліп беруде. Ал, салынған үйлерге орналастырған кезде пәтерлер ең алдымен соларға берілуде.

Бізде қыйыншылықтар кездесетінін жасырмаймыз. Иесіз жатқан жерді игеру ісінің жеңіл емес екені әркімге де түсінікті. Бірақ, бұл өсу жолындағы қыйыншылықтар, міне, бұл қыйыншылықтарды жеңе отырып, жаңа совхоздардың қызметкерлері ығілікті патриоттық іс істеуде.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі тың және тыңайған жерлердің қызметкерлеріне әкелік қамқорлық жасап отыр. Бізге бүкіл еліміз көмектесуде.

Көзір біз, өткен айлардың қорытындыларын еске ала отырып, мынадай маңызды мәселе көтеруді қажет деп санаймыз. Тың жерлерде көптеген еркектер жұмыс істеуде, ал, қыздар мен әйелдер аз. Мысалы, біздің совхозда 37 әйел бар, яғный жұмыс істеушілердің жалпы санына қарағанда алтының біріндей ғана.

Ал, оның бер жағында совхоздарда белсенді әйел қызметкерлер өте қажет. Ауыл шаруашылығының мамандары, механизаторлар, құрылысшылар, сауыншылар, дәрігерлер, фельдшерлер, медициналық сестралар, мұғалімдер, бухгалтерлер, байланысшылар керек.

Қысқасын айтқанда, көптеген маман қыздар жаңа совхоздарда өздерінің күші мен білімін қолданатын орын таба алады. Барлық жерде де, өндірістің барлық участоктерінде де қыздардың шебер қолдары қажет. Біздің совхозға келген қыздар трактор -егіс бригадаларында, құрылыста, бухгалтерияда, медициналық пунктте, асханада белсене жұмыс істеуде.

Бірақ, әйелдердің жеткіліксіздігі тұрмыста да, көптеген өндіріс участоктерінде де қатты сезіліп отыр. Мысалы, бізде небәрі бір ғана тракторшы қыз бар. Жұмысшыларды сүтпен қамтамасыз ету үшін совхозға 40 сиыр бөлінді, бірақ, бұл сиырларды мәпелеп күтетін, сауатын шебер қолдар жетіспей отыр. Огороттағы жұмысқа да қыздар жетіліксіз.

Өзіміздің пірікімізді ғана емес, сонымен бірге, жаңа совхоздардың барлық қызметкерлерінің тілегін білдіре отырып, біз қыздарды тың және тыңайған жерлерді игеру үшін келуге, сөйтіп, партиямыз бен үкметіміз алға қойған ығілікті патриоттық міндеттерді орындау жолындағы күреске тікелей қосылуға шақырамыз.

Еліміздің қыздары мен әйелдері әрқашан да барлық патриоттық бастамалардың белсенді қатысушылары болып келді.

Қымбатты құрбылар! Біздің шақыруымызға үн қосыңдар, тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарға жұмыс істеуге келіңдер.

Ранса ЕМЕЛЬЯНОВА —бөлімшенің агрономы.
Александра ЗАМЧИЙ —фельдшер.
Елена КЛЕШНЯ —мұнай базасының меңгерушісі.
Валентина НЕПОЧАТОВА — тіркеуші.
Полина ПАШКОВА —құрылыс бригадасының қызметкері.
Лидия СЕМЕНОВА —тіркеуші.

Қазақ ССР, Ақмола облысындағы Маринов совхозы

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

КЕҢСЕШІЛДІК-ТӨРЕШІЛДІК ӘДІС—ІСТІ ІЛГЕРІ БАСТЫРУҒА БӨГЕТ

Шағлы МТС-і облысымыздағы ірі, отандық жаңа техникамен мол жабдықталған машина- трактор станцияларының бірінен саналады. Оның техниканы өнімді пайдалануына, колхоздармен жасасқан шартты мезгілінде орындауына барлық мүмкіншілігі бар. МТС-те мамандар мен механизатор кадрлары да жеткілікті.

Соған қарамастан МТС өндірістік жоспарды, колхоздармен жасасқан шартта алған міндеттемелерін орындай алмай келеді. МТС-те техника күші үнемді пайдаланылмайды. Тракторлардың жұмыссыз тоқтап тұруы сияқты фактілер жиі кездеседі. Көктемгі егістен бері тракторлар 10 процентке жуық жұмыс уақытын тоқтап тұрумен алды.

МТС-тің қамтуында 8 колхоз бар. Бұл колхоздардағы пар жырту, егін орағына әзірлік және шөп шабудың барысы да айтарлықтай емес. Станция шөп шабу науқанына әзірліксіз кірісті. Міне, осы себепті күні бүгінге дейін кеңалымды шөп машиналардың жартысына жуығы жұмысқа шындап қосылған жоқ.

Бұл кемшіліктердің бәрі МТС жұмысына басшылықтың нашарлығынан, кейбір басшылардың жұмысқа кеңсешілдік -төрешілдік әдіспен басшылық жасауынан, олардың механизаторлар арасындағы социалистік жарысқа жете мән бермеуінен туып отыр.

Механизаторлар арасындағы социалистік жарыс, міндеттемелер қабылдау формальді түрде ғана ұйымдастырылған. Мұнда трактор бригадаларына және жекелеген механизаторларға социалистік міндеттемелерін жазу үшін машинкамен басылған стандартты бланка беріледі. Бригадирлер, механизаторлар осы бланкадағы көрсетілген пункттерді толтыруға міндетті. Онда неше гектар жер жыртатыны, қанша жағар, жанар майларын үнемдейтіні және басқалары көрсетілген. Механизаторлар осы пункттерде көрсетілген сұрақтардың тұсына өздерінің мүмкіншіліктерін есептемей, жалаң цифрлар қоя салады. Бұдан кейін бұл бланкалар МТС жұмысшы комитетінің председателі Белодед жолдасқа тапсырылады. Одан әрі социалистік міндеттемелермен ешкім шұғылданбайды.

Сөзімізді дәлелдеу үшін бірер мысал келтірейік. Өткен жылы № 4 трактор бригадасының механизаторы Иван Карнаух жолдас «СХТЗ» тракторымен жазғы маусымда 770 гектар жер жұмыстап, екі тоннаға жуық жағар, жанар майларын үнемдеді. Ал, быйыл Карнаух жолдас былтырғыға қарағанда еңбек өнімділігін арттырудың орнына өткен жылғыдан әлдеқайда кем міндеттеме алды. Жер жұмыстау көлемі тым кемін кетті. Ол бригада міндеттемесінен әжептәуір кем.

МТС партия ұйымы, оның секретары Павлюк жолдас социалистік жарысқа формальді түрде басшылық жасайды. Ол механизаторлар арасындағы социалистік жарысқа басшылық жасауды МТС жұмысшы комитетінің председателі Белодед жолдастың меншігіне берген. Оған социалистік міндеттемелер жазылған бланкелерді сақтау, жарыстың барысы туралы кейбір қорытынды мәліметтерді жыйнастыру сияқты болмашы жұмыстар жүктелген.

МТС-та социалистік жарысқа мезгілінде қорытынды жасалып, ол жария етілін отырылмайды. Тіпті бірқатар трактор бригадаларында күні осы уақытқа дейін социалистік жарыс озаттарының аты-жөнін жазатын көрсеткіш тақталар да жоқ. Механизаторлар арасындағы саясі- бұқаралық жұмыс та бетімен жіберілген. Кейбір бригадаларда жауынгерлік листоктар шығарылмайды. Міне, осы себепті механизаторлар өз жұмысының қортындысын, социалистік жарыстың барысын білмейді.

МТС қамтуындағы колхоздарда шөп шабу жұмысының барысы да төзгісіз нашар жүргізілуде. Өздігінен жүретін және тіркемелі кеңалымды шөп машиналарын жүргізушілердің көпшілігі сменалық нормаларын орындамайды. Кәзір шөп шауып жүрген 14 машинистің 7-і ғана сменалық нормаларын орындап жүр.

МТС партия ұйымы озат механизаторлардың бағалы инициативаларын деркезінде қолдап, олардың жұмыс үлгілерін көпшілік игілігіне айналдыру ісіне де мән бермей келеді. Мәселен, Сталин атын дағы колхозда шөп шауып жүрген өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасының машинисі К. Давыденко, сол сияқты, «Колос» колхозында жұмыс істейтін В. Артис жолдастар 30 гектардың орнына 35-40 гектар алаңның шөбін шабуда. МТС-та мұндай машинистер және озат механизаторлар ондап саналады. Олардың жұмыс үлгілерін көпшілік игілігіне айналдыруға партия, кәсіподақ ұйымдары ешқандай көңіл бөлмей отыр.

—Озат механизаторлардың жұмыс үлгісін тексеру, социалистік жарысқа қорытынды жасау көп уақыт алады. Ал, менің мұндай жұмыстармен айналысуға уақытым жоқ, қолым да тимейді, —дейді шіміркіпестен Белодед жолдас. Міне, осы себепті ол озат механизаторлардың жұмыс үлгілерін қорыту, социалистік жарысқа қорытынды жасау сияқты жұмыстың озат әдістеріне мән бермей, оны бетімен жіберген.

Жұмысқа басшылықтың мұндай жарамсыз әдісіне одан әрі төзуге болмайды. МТС партия ұйымы, оның секретары



Молдаван ССР. Оңтүстік аудандарда масақты дақылдарды жыйнау басталды. Вулканешт ауданында күздік бидайды жыйнауға 50 -ден аса комбайндар қосылды. Маленков атындағы колхоз 4.200 гектардан аса күздік дақылдар жыйнауға тиіс. Вулканешт МТС-нің механизаторларына колхозшылар оңдағыдай көмектесуде.

Егін жыйнаумен бірге мемлекетке астық тапсыру да басталды. «Заготзерно» пунктіне кәзірдің өзінде іріктеліп алынған 250 тонна бидай тапсырылды.

СУРЕТТЕ: Маленков атындағы колхоздың жаңа астық тиелген автомашина колоннасының Вулканешт «Заготзерно» пунктіне бара жатқан кезі.

Суретті түсірген **П. Лисенкин.** **(СОТА-ның фотохроникасы).**

Комбайн агрегаттарын егін жыйнауға тез, сапалы әзірлейік

Егін жыйнау маусымы — ауылшаруашылық жұмыстарын қорытындылап, егіншілердің жыл бойғы еңбектерінің дағдырын шешеді. Сондықтан бұл маусымға барлық жағынан тыңғылықты әзірленіп, оны ең қысқа мерзімде ұйымшылдықпен өткізу —облыс еңбекшілерінің айбынды міндеті болып саналады.

Өткен жылдардың жұмыс қорытындылары көп жерлерде егін жыйнау жұмысының ұйымшылдықпен жүргізілмеуі салдарынан көптеген астықтың ысырап болатындығын дәлелдеді. Өткен жылы егін жыйнау жұмысы кезінде техникалық жарамсыздықтан көптеген комбайн агрегаттары қарап тұрды. Осы себепті облысымызда егін жыйнау ұзаққа созылып, астық ысырабына жол берілді.

Комбайн —егін жыйнаудағы ең күрделі машина. Осы күрделі машинаның тоқтаусыз жұмыс істеуі, сапалы астық бастыруы алдымен оларды сапалы жөндеуге тікелей байланысты. Сол сияқты, комбайндарды сүйрейтін тракторлардың да егін жыйнауға сапалы әзірленуі керек.

Егін жыйнауда күнделік норманы артық орындау және астықты көптеп бастыру жолында Ставрополь өлкесі, Петров МТС-нің комбайншылары Бүкілодақтық Жөнделген комбайндарды қабылдайтын МТС жанындағы комиссияның мүшелері өз міндеттеріне жауапсыз қарап, жөндеу сапасының жақсы болуын механизаторлардан талап етпейді. Осының салдарынан жөнделген бірқатар комбайндарға жұмысқа жарамсыз бөлшектер қойылған.

Бұл жөнінде мысалға Калинин атындағы МТС-ті (директоры Елкин, бас инженері Бубенко жолдастар) алуға болады. Мұнда жөндеу жұмысының технологиясы өрескел бұрмаланып келеді. Жөндеу жұмысындағы жұмысшылардың еңбекті сапалы істеуі қатаң талап етілмейді. Ал, жөндеу жұмысындағы механиктер жөнделген бөлшектердің сапасын тексермейтін болған. Жөнделген комбайндарды ешкім қабылдап алмайды. Ал, қабылдау актысы жөнделген комбайнның бөлшектері тексерілмей МТС дирекциясында жасалып, қол қойылатын болған.

Осының салдарынан бұл МТС-те жөнделген бірқатар комбайндардың сапасы нашар. Әсресе, двигательдер сапасыз жөнделген және жанар майды артық жұмсайды. Сол сияқты, комбайнның егін оратын аппараттары да сапасыз жөнделген. Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін фактілерге тоқталайық. № 46 «Сталин» дарға қойылған полотнолар жұмысқа жарамсыз.

Комбайндардың өнімді жұмыс істеуіне жетісу үшін оларды сүйрейтін тракторлардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек. Өткен жылы босқа тұрған комбайн агрегаттарының тең жартысы оларды сүйрейтін тракторлардың техникалық жарамсыздығынан егін оруға қосылмады. Осы жағдай қай МТС-тің басшыларына болсын белгілі. Бірақ, олар комбайндарды сүйрейтін тракторлардың техникалық жарамдылығын тексеру, кейбір бөлшектерін жөндеу, немесе, ауыстыру мәселесімен шұғылданбайды. Олар тракторларды жөндеудің керектігін егін жыйнау маусымы басталған кезде ғана еске түсіреді. Осыдан барады да комбайн агрегаттарының босқа қарап тұрушылығына жол беріледі.

Бұл кемшілікті быйыл болдырмау үшін МТС басшылары комбайндарды сүйрейтін тракторларды осы бастан белгілеп, олардың егін жыйнау маусымы басталғанға дейін сапалы жөнделуін қамтамасыз етуге міндетті. Облыс МТС-терінде егін жыйнауға комбайндарды сапалы әзірлеуге қажетті жағдайлардың барлығы да бар. Қалған аз уақыттың ішінде МТС дирек-

Облыс кәсіпорындарында

Егін жыйнауға көмектесеміз

Біздің темекі фабрикасының жұмысшылары мен инженер- техник қызметкерлері ой қаладағы № 8 мектеп пен Соколов ауданының Сталин атындағы ауылшаруашылық артелін қамқорлығына алған болатын. Фабрика коллективі колхоз бен мектепке өзінің қамқорлық көмегін үздіксіз көрсетіп келеді. Біз жыл сайын қамқорлықтағы колхозға колхоз өміріндегі ең жауапты екі маусым кезінде —шөп шабу мен дәнді дақылдар жыйнау кезінде барып, колхоздың шаруашылық жұмыстарына белсене араласып тұрамыз. Мәселен, өткен жылы фабрика адамдары 9 рет Сталин атындағы артельге барып, 9 жексенбілік ұйымдастырды. Сонымен бірге егін орағы кезінде колхозда үнемі жұмыс істейтін арнаулы бригада ұйымдастырды.

Колхозға адам күші жағынан көмек тесумен бірге фабрика қамқорлығындағы ұйымға техникалық көмек те көрсетеді. Мәселен, өткен жылы фабрика коллективі колхоздың екі движогін және бірнеше ауылшаруашылық машиналарын жөндеуден өткізіп берді. Жөндеу жұмысы колхоздың өзінде жүргізілді, ол үшін фабрикадан колхозға бірнеше адамдардан құралған арнаулы бригада барып қайтты.

Кәзір қамқорлықтағы колхоздың шөп шабу жұмысында фабрика коллективінен бөлінген құрамында 12 адамы бар екі бригада жұмыс істеп, қоғамдық малды мал азығымен қамтамасыз ету үшін колхозшыларға көмектесіп жүр. Кәзір жаңадан тағы бір бригада ұйымдастырылып жатыр. Оның үстіне таяудағы күндерде бүкіл коллектив мүшелері колхозға барып, шөп шабу және маялау жұмыстарының арасында алшақтықты болдырмау үшін жексенбілік ұйымдастырмақ.

Фабрика адамдары өзінің қамқорлығына алған № 8 мектептің оқушыларын да есінен шығармайды. Үстіміздегі жылы мектептің жөндеу жұмысын фабрика коллективі жүргізді. Пештер қайта салынып, кластар қайтадан ағартылды, жаңа қоршау жасалынды. Мектепті жөндеу жұмысын фабриканың әйелдер бригадасы жүргізді. Мектеп жөндеу жұмысында О. Пожидаева, И. Яшина жолдастар өте жақсы жұмыс істеді.

Фабрика коллективі қамқорлығына алған ұйымдарға көмек көрсетумен бірге өзінің өндірістік программасын орындауды да естен шығарып отырған жоқ. Бірнеше адамдар колхоз бен мектеп жұмысына бөлінгеннен кейін фабрика адамдарына еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыруға тура келді. Фабрика коллективі өндірістік программаны бірінші жарты жылдың ішінде 107,4 процент орындап, елімізге жоспардан тыс 1600 жәшік темекі берді. Жұмысшылардың еңбек өнімділігі 107 процентке дейін көтерілді. Біздің кәсіпорынымызда өндірістік нормасын орындамайтын бірде-бір

ныт тек 500 гектар ғана жер жұмыстауға міндеттенді. Сол сыяқты, Глушков жолдастың трактор бригадасы 15 аттық күші бар әрбір трактормен 800 гектарға жуық жер жұмыстап, бітік егін өсірген болатын. Бригада «Путь 12 Октября» колхозында жұмыс істеп, өздері жұмыстаған жердің әрбір гектарынан 15 центнерге дейін өнім алды. Ал, быйыл бригада 750 гектар жер жұмыстап, онын әрбір гектарынан 14 центнерден өнім алуға міндеттеніп отыр. Бұл өткен жылғы озат жұмыс әдістерін көпшілік игілігіне айналдыру ісіне дұрыс басшылық жасап, кәсіподақ ұйымының жұмысына орынды бағыт беріп отыруға тиіс. Міне, сол уақытта ғана техника күшін үнемді пайдаланып, механизаторлардың еңбек өнімділігін арттыруына, олардың СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы алға қойған талаптарға сай жұмыс істеуіне жетісуге болады.

Е. РАХМЕТОВ.

Партия қызметкерлері колхоздарға жүріп кетті

Облыстық партия комитеті СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қарарларын ауыл-село еңбекшілеріне түсіндіру үшін бір топ партия қызметкерлерін жіберді. Олардың әрқайсысы колхоздарда июнь Пленумының орындалу барысымен танысып, лекциялар оқыйды. Трактор бригадаларында, дала қостарында және мал фермаларында Пленум қаулысы жөнінде әңгімелер өткізеді.

Аудан орталығында олар баяндамашылармен нұсқау кеңестер өткізеді. Баяндамашыларға СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қорытындылары және егінді куту, егін орағына әзірлік, 1954 жылғы ауыл шаруашылығы өнімдерінің мемлекеттік жоспарын орындау жөнінде баяндамалар жасайды.

Облыстық партия комитеті жіберген баяндамашылар тобы бұл күндері облысымыздың колхоз, совхоздарында және МТС-терінде июнь Пленумының қаулысы жөнінде лекциялар оқуда. Бұған ауыл-село еңбекшілері белсене қатысуда.

социалистік жарыстың жаршысы болып отыр. Ставропольдіктердің бұл бастамасы облыс комбайншылары мен тракторшыларының арасында қызу қолдау табуда. Олар өздерінің өндірістік жыйналыстарында ставропольдіктердің хатын талқылап, егін жыйнауға әзірліктегі орын алған елеулі кемшіліктердің сырын ашуда.

Суворов атындағы, Интернационал және тағы басқа бірқатар МТС-тердің коллективтері егін жыйнау маусымына барлық жағынан үлгілі әзірленуде. Мұндай алдыңғы қатарлы МТСтердің коллективтері егін жыйнау мерзімін өткен жылғыдан едәуір қысқартуды өздерінің алдына негізгі мақсат етіп қойды. Сондықтан да олар егін жыйнауға мұқыят әзірленуде.

Алайда, облыс МТС-терін тұтас алғанда комбайндарды жөндеу жұмысының қарқыны өте- мөте нашар. Көпшілік МТС-терде жөндеу жұмысы қанағаттанғысыз ұйымдастырылып, бөлшектерді жөндеуде ақаулар жіберіледі. Жақында болып өткен тексерістің қорытындысы кейбір МТС басшыларының жөндеу жұмысының санымен ғана шұғылданып, сапасына мән бермейтіндіктерін, сөйтіп, көз бояушылыққа салынатындықтарын дәлелдеді.

нец—6» комбайнының кесуші апаратының шатуны, барабаны жөнделмеген. Тіпті бұл комбайн жарықпен де қамтамасыз етілмеген. Дән тұтқышты орнатуды ешкім ескерген жоқ. Мұндай кемшіліктер жөндеуден өткен № 43, 45, 49 комбайндарда да бар.

Жөндеу жұмысының сапасы Майбалық, Куйбышев атындағы, Коновалов және Николаев МТС-терінде де төмен болып отыр. Коновалов МТС-нің директоры Ламазов және бас инженері Верещагин жолдастар жөндеу жұмысының қарқынын күшейтіп, сапасын жақсартуға күнбе-күн бақылау жасаудың орнына, олардың өзі көз бояушылыққа салынған. Олар жөнделмеген комбайндарды жөнделді деп жалған мәлімет берген. Тексере келгенде мұнда 11 комбайнға кейбір бөлшектер тіпті жөнделместен қойылған.

Жағдай Куйбышев атындағы МТС-те де осындай. Бұл МТС-тің басшылары барлық назарды жөндеу жұмысының қарқынын өрістетуге аударып, сапасына көңіл бөлмейтін болған. Осының салдарынан мұнда егін жыйнауға әзірленді деген бірқатар комбайндардың двигательдері сапасыз жөнделген. Ал, жөнделген комбайн-

циялары мен партия ұйымдары жөндеу жұмысының қарқыны мен сапасын күшейтуге барлық күш- мүмкіншілікті пайдалануға тиіс. Бұл үшін МТС басшылары мастерскойларда жөндеу жұмысының тоқтаусыз жүргізілуіне, бұл іске барлық комбайншылар мен олардың көмекшілерін толық қатыстыруға жетісулері керек.

Егінді қысқа мерзімде жыйнап алу мақсатымен комбайн агрегаттары тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс істейтін болады. Сондықтан әрбір комбайнда электр жарықтары болуы қажет. Егер комбайнға жарық орнатылмаса, оны жөнделген комбайн деп есептеуге болмайды. Сол сыяқты, әрбір комбайнға дән тұтқыштар орнатылып, сабан үйгіштермен қамтамасыз етілуі керек.

Комбайндарды егін жыйнау маусымына дейін толық әрі сапалы әзірлеген жағдайда ғана егін жыйнау маусымын үлгілі өткізуге болады. Сондықтан МТС коллективтері барлық күш-мүмкіншіліктерін комбайндарды тез және сапалы жөндеуге жұмсай білулері керек.

Г. НЕСПРЯДЬКО,

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженері.

сменалық тапсырмасын 135 процент және одан да асыра орындап жүр. Слесарь Н. Мурыхин, темекі кептіруші М. Конышева, темекі төсеуші Ф. Елшұғылова және Н. Зиганшина сыяқты өндіріс озаттары еңбек өнімділігін арттыруда үнемі жақсы көрсеткіштерге ие болып келеді.

Г. СМЕЛОВ,

Фабриканың жоспарлау бөлімінің бастығы.

Лайықты тарту

Теміржолшылар күні қарсаңында Петропавл паровозшылары халық шаруашылығына қажетті жүктерді көптеп тасу жолындағы социалистік жарысты өрістете түсті. Таңдаулы паровозшылар ауыр жүк тиелген составтарды көп алып жүріп, локомотивтердің техникалық жүріс жылдамдығын арттыруда.

Жарыста алынған міндеттемелерді орындауда паровозшы Н. Рыбкин жолдас алда келеді. Оның бригадасы июнь айында ауыр жүк тиелген 11 состав алып өтіп, жоспардан тыс 4300 тонна жүк тасуды қамтамасыз етті. Рыбкин жолдас бастаған паровозшылар паровоздың техникалық жылдамдығын алған міндеттеме мөлшерінен де арттырып, 11200 килограмм отын үнемдеді.

Бұл паровоздың басқа мүшелері де қажырлы еңбектің үлгісін көрсетіп жүр. Мәселен, паровозшының көмекшісі Лисицын, кочегар Теньковский жолдастар локомотивті жақсы күтімде ұстап, сапарға шыққанда жолда қосымша су алмастан жүруді қамтамасыз етуде. Бригада мүшелерінің сапарды үлгілі өткізуде ұйымшылдық көрсетуінің нәтижесінде Рыбкин жолдас басқарған паровоз бригадасы өткен айда жолда қосымша су алмастан 10 рет сапарға шықты.

Паровозшы С. Лобанов жолдас басқарған паровоз бригадасы да алған міндеттемесін аброймен орындауда. Лобановтың паровозы өткен айда ауыр жүк тиелген 12 поезд алып өтіп, жоспардан тыс 3908 тонна жүк тасыды және 11 тонна 400 килограмм отын үнемдеп, жолда қосымша су алмастан 8 рет сапарға шықты. Сол сыяқты, паровоз бригадасы локомотивтің орта тәулік және техникалық жүріс жылдамдықтарын арттыру жөніндегі алған міндеттемелерін де ойдағыдай жүзеге асырды.

А. Байгачев және А. Рыбаков жолдастар басқарған бригадаларға бекітілген паровоз өткен айда ауыр жүк тиелген 25 состав жүргізіп, жоспардан тыс 7105 тонна жүк тасыды. Сол сыяқты, 14 тонна 900 килограмм отын үнемдеп, 22 поезды айналымға берді. Жолда қосымша су алмастан 15 рет сапарға шығып, локомотивтік орта тәуліктік жүріс жылдамдығының нормасын әлде қайда асыра орындады.

Рыбкин, Лобанов, Байгачев және Рыбаков жолдастар басқарған паровозшылар бригадалары Бүкілодақтық теміржолшылар күніне лайықты өндірістік тартулар әзірлеу үшін июль айына алған көтеріңкі міндеттемелерді әлде қайда асыра орындау үшін локомотивтерді пайдалануды жақсартып, еңбек өнімділігін есеппен арттыруда.

В. ОХРЕМЕНКО,

Паровоз депосының операторы.

Жемшөп дайындау ісі партия ұйымдарының қатаң бақылауына алынсын

Партия мен үкмет мал шаруашылығын онан әрі өркендетіп, оның өнімділігін арттырудың басты шарты ретінде колхоздар мен совхоздарда берік жемшөп базасын жасауға бірінші дәрежелі маңыз беріп отыр.

Быйылғы жылы колхоздар мен совхоздардың жеткілікті жемшөп қорын жасауға барлық мүмкіндіктері бар. Облыстардың көпшілігінде көктемде жемшөптік дақылдар егу жоспары асыра орындалды. Машина-трактор станциялары мен совхоздар пішенді комплексті түрде жыйнау үшін жаңа механизмдермен толықтырылды. Барлық жерде дерлік күн ашық болып тұр, мұның өзі шөп шабуды, жыйнауды және маялауды кең көлемде жүргізуге мүмкіндік береді.

Ендігі әңгіме қолда бар мүмкіндіктерді іскерлікпен және дұрыс пайдалануда болып отыр. Кәзір пішен мен сүрленген жемшөп дайындаудың шешуші кезеңі туды. Таяудағы күндер мен апталар жемшөп қорын жасаудың мемлекеттік жоспарын орындау ісінің тағдырын шешеді, демек, алдағы мал қыстату ісінің тағдырын шешеді десек, мұның өзі асыра айтқандық болмайды. Амал қанша, пішен жыйнау және жемшөп сүрлеу жұмыстарының бірқатар аудандарда өте қанағаттанғысыз жүргізіліп отырғанын атап көрсетуге тура келеді. Жеке облыстарда жемшөп дайындау жоспарын орындауды сәтсіздікке ұшыратудың тікелей хаупі төніп отыр.

Әсресе, Қазақ, Белорус, Латыш, Эстон республикаларының колхоздары мен совхоздарында, Калинин, Вологда, Киров, Кострома, Москва, Новгород, Псков және Смоленск облыстарында, сонымен қатар Алтай және Красноярь өлкелерінде шөп шабу мен жемшөп сүрлеу жұмысы нашар ұйымдастырылған.

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы шөпті ең жақсы мерзімде шабуды қамтамасыз етіп, пішен жыйнау жұмыстарын барлық жерде де дөңді егін жыйнау басталғанға дейін аяқтау, шөп шабу мен пішен маялау арасында алшақтық болуына жол бермеу міндетін алға қойды. Ал фактілер аса маңызды бұл нұсқаудың жеке облыстарда, өлкелер мен республикаларда бұзылғанын көрсетеді. Урал мен Сибирь аудандарында егін жыйнау басталуына енді аз ғана уақыт қалды. Солай бола тұрса да, шөп шабу және жемшөп сүрлеу қарқыны әлі де төзгісіз төмен болып келеді. Мысалы, Красноярь өлкесінде 10 июльге дейін шөп шабу жоспары небәрі 7 процент қана. Алтай өлкесінде—20 процент қана орындалған. Мынадай сұрақ туады: Алтай мен Красноярь өлкесі шөпті қашан жыйнамақшы болып отыр екен?

Жемшөп дайындауға жайбарақаттықпен қарауға төзіп отыруға болмайды. Партия ұйымдары, совет және ауылшаруашылық органдары жемшөп дайындау қарқынын күшейтуге ең шұғыл шараларды қолдануға тиіс.

Пішен жыйнау жұмыстарының қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы колхоздардың мемлекетке пішен тапсыруын тежеп отыр. Пішен дайындаудың мемлекеттік жоспары 10 июльге дейін Қазақ ССР-інде небәрі 1,4 процент, Литван ССР-інде — 3,5 процент қана орындалған, ал Армян, Карел-Фин және Эстон республикаларының колхоздары мемлекетке пішен тапсыруды әлі бастаған да жоқ.

Пішен жыйнау және жемшөп сүрлеу жұмыстарының қанағаттанғысыз жүргізілуінің негізгі себептерінің бірі техниканың нашар пайдаланылып отырғандығы болып табылады. Көптеген МТС-тер мен совхоздар өздерінің қолындағы барлық машиналарды әлі күнге дейін жұмысқа қоспаған, машиналардың мол өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етпеген. Батыс Қазақстан облысын мысалға алайық. Бұл облыс пішен жыйнайтын техникамен жақсы жабдықталған. Мұнда көптеген өздігінен жүретін шөп машиналары, трактормен тіркелетін шөп шабу агрегаттары, ысырмалар шөмеле ұйғыштер бар. Бірақ облыс МТС-терінің көпшілігінде пішен жыйнайтын машиналар босқа қарап тұр, шабылған пішеннің едәуір бөлегі маяланбаған. Мыңдаған гектар жердің шабылған шөбі кірелерде, дестелерде және шөмелелерде жыйналмай жатыр. Шөп шабу мен маялау арасында үлкен алшақтық болып отырғанына қарамастан, облыстың көптеген МТС-терінде пішен жыйнаудың қауырт кезінде жаңа ысырмалар, шөмеле ұйғыштер және басқа механизмдер босқа тұруда.

Батыс Қазақстан облысында ғана емес, Қазақстанның кейбір басқа облыстарында да осындай жағдай туып отыр. Мұның салдарынан республиканы тұтас алғанда ол шөп шабу және жемшөп сүрлеу жұмыстарын тіпті өткен жылғыдан да нашар жүргізуде. Мұнда 10 июльге дейін табиғи шабындықтың шөбі өткен жылғы осы кездегіден бір миллион 678 мың гектар кем шабылды. Шөбі шабылған жердің 66 процентінің ғана пішені маяланды. Көкшөп сүрлеу жоспары небәрі 11 процент қана орындалды.

Шөп жыйнау және жемшөп сүрлеу жөнінде өткен жылмен салыстырғанда Белорус ССР-і де едәуір артта қалып отыр. Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігі МТС-тер мен колхоздардағы машиналар мен механизмдерді пішен жыйнауға әзірлеп, мейлінше өнімді пайдалануды және жемшөп дайындауда еңбекті ойдағыдай ұйымдастыруды қамтамасыз етпеді. МТС-тер мен колхоздарда машиналар мен механизмдердің техникалық жағынан қанағаттанғысыз пайдаланылуы салдарынан сменалық жұмыс нормалары орындалмай келеді. Ауыл шаруашылығы министрлігі, МТС директорлары және колхоз басшылары орасан көп жердің шөбін қолмен жыйнауға тура келіп отырғанына қарамастан, шөп шабу жұмысында қол еңбегін өте нашар ұйымдастырған.

Елімізді мал шаруашылығының өнімдерімен жабдықтауда өзінің ролі мықтап артуға тиіс болып отырған совхоздар туралы ерекше атап айту керек. Малдың өнімділігін арттыру жөнінде совхоздарға зор тапсырмалар берілген отыр. Бірақ совхоздарда жемшөп дайындау қарқыны әлі де төмен болып келеді. Совхоздар 10 июльге дейін 1953 жылғы осы кездегіден 477 мың тонна пішенді кем жыйнап, 418 мың тонна жемшөптті кем сүрледі. ССРО Совхоздар министрлігі пішен жыйнау жұмысына нашар басшылық етіп, озат совхоздардың пішен жыйнауды комплексті механикаландыру жөніндегі тәжрибесін өндіріске жеткілікті енгізбей отыр.

Совхоздарда пішен жыйнайтын машиналардың, оның ішінде пішен жыйнағыштар мен шөмеле ұйғыштердің қанағаттанғысыз пайдаланылып отырғанын атап айтнауға болмайды. Бірқатар трестер мен совхоздардың басшылары пішен жыйнайтын жаңа машиналарда жұмыс істеу үшін маман кадрлар даярлауға мезгілінде қамқорлық жасамаған, соның салдарынан көптеген совхоздарда бұл машиналар осы уақытқа дейін құрастырылмай, жұмысқа қатыспай отыр.

Жемшөппен қамтамасыз ету — мал шаруашылығын өркендетудің түбірлі шарттарының бірі. Бұл аса маңызды мемлекеттік іске партия ұйымдарының бүкіл назары аударылуға тиіс. Істің мүдделері партия ұйымдарының жемшөп дайындауды қатаң бақылауына алуын талап етеді. Аудандық партия комитеттері, ең алдымен олардың секретарьлары мен нұсқаушылар топтары МТС аймағындағы пішен жыйнау жұмысының жайын білуге міндетті. Әрбір колхоз бен совхозда шөп шабу және жемшөп сүрлеу жұмысын тездету шараларын белгілеп, жүзеге асыру керек, жемшөп дайындауда істейтін колхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің жарысын өрістету керек.

Жемшөп дайындау мәселелеріне біздің баспасөзіміз күнбе -күн назар аударып отыруға тиіс. Орталық газеттерден бастап аудандық газеттерге дейін —барлық газеттер пішен жыйнау мен жемшөп сүрлеудің озаттарын көрсетіп отыруға, жемшөп дайындау ісіне жайбарақат қарауы салдарынан қоғамдық мал шаруашылығын өркендету базасын әлсірететіндерді аяусыз сынап, түйреп отыруға міндетті.

Партия ұйымдары совет және ауылшаруашылық органдары пішен жыйнауға колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының мүмкіндігінше көп бөлегінің қатысуын көздеуге, жемшөп дайындауда колхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің материалдық ынтасын арттыру шараларын қолдануды қамтамасыз етуге тиіс.

Кәзір еліміздің көптеген аудандарында дөңді дақылдар жыйналуда. Егіннен түсетін жемшөптің бірде-бір центнерінің ысырап болмауына кәзірден бастап қамқорлық жасау өте маңызды іс. Барлық жерде де дөңді егінді жыйнаудың ізінше сабанды маялау және топан жыйнау жұмыстарын ұйымдастыру керек.

Жемшөп дайындау — аса маңызды мемлекеттік міндет. Мал шаруашылығын өркендету жоспарының орындалуын қамтамасыз ету үшін әрбір колхоз бен совхозда малға толық жететін мөлшерде жемшөп дайындау қажет. Партия ұйымдарының, совет және ауылшаруашылық органдарының ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлерінің ең бірінші борышы міне осы.

(«Правданың» 17 июльдегі басмақаласы).

Петропавл ауданында

Мамандардың жаңа бір тобы

Жақында Петропавл ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесін 30 комбайншы -механиктер бітіріп шықты. Оның 26-сы мемлекеттік емтиханды жақсы, өте жақсы деген бағалармен тапсырды. Училищені үздік бітіріп шыққан 7 комсомолец ҚЛКЖО облыстық комитетінің грамоталарымен наградталды. Құрмет грамоталарын алғандардың ішінде Николай Пузанков, Иван Брых, Василий Овчинников және басқалары бар.

Училищені бітірген мамандардың жаңа бір тобы Булаев, Совет және Преснов аудандарының машина- трактор станцияларына жұмысқа жіберілді. Олар енді аз күннен кейін облысымыздың басқа механизаторлары сияқты СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы алға қойған—егін жыйнауды қысқа мерзімде өткізу, астық ысырабына жол бермеу сөйтіп, елімізге астықты көптеп беру жұмысына кіріседі.

Лекциялар оқылды

Саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының аудандық бөлімшесі ауданның колхоздары мен совхоздарында және МТС- терінде саяси, ғылми, ауылшаруашылық тақырыптарында лекциялар оқуды ұйымдастыруда. Бұл лекцияларға колхозшылар мен механизаторлар көптеп қатысуда.

Жақында саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының мүшесі Семенов жолдас Калинин атындағы колхозда «Еңбек тәртібін сақтау —социалистік қоғам азаматының ең негізгі міндеті», ҚКП қалалық комитетінің лекторы Мицуков жолдас «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында халықаралық жағдай жөнінде лекциялар оқыды.

Әйелдер жыйналысы

Ауданның колхоз, совхоздарында әйелдер жыйналысы өтуде. Онда колхоз председательдері және совхоз директорлары «Әйелдердің колхоз, совхоз өндірісіне қатысы жөнінде» баяндамалар жасауда. Мұндай жыйналыстар «Қазақстанның 30 жылдығы», Талин атындағы колхоздарда және Ақбас совхозында тағы басқа жерлерде өтті. Мұндай мәселенің әйелдер жыйналысында талқылануы әйелдердің колхоз, совхоз өндірісіндегі белсенділігін онан сайын арттыра түсуде.

Қазақ ССР-інің павильоны

☆
А. ЖАНДЕРКИН,
Қазақ ССР павильонының директоры және бас методисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты
☆

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің көптеген құрылыстарының ішінде Қазақ ССР-інің павильоны ерекше көзге түседі. Оны архитектуралық және көркемдік жағынан мәнерлеуге қазақ халқының ұлттық өнері кеңінен қолданылған.

Павильонның негізгі кіре берісінде колхозшы мен жұмысшы-болат балқытушының скульптуралық бейнесі тұр. Ол жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың берік достығының айқын белгісі сияқты. Кіре берістегі алтынданған арқаның аралығына қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл мен ауыл шаруашылығының жаңашылы, колхозшы Шығанақ Берсиевтің скульптурасы қойылған. Үйдің алдыңғы жағы ұлттық оюмен мәнерленген қышпен өрнектелген, ал оның бүйір жақтары республиканың ауылшаруашылық байлығын көрсететін суреттермен көркемделген. Павильонның төңірегіндегі ашық алаңға республиканың әртүрлі аймақтарында өсірілетін жеміс, жидек және басқа ағаштар егілген.

Орталық зал Советтік Қазақстанның экономикалық және мәдени жағынан өсуін бейнелейді. Ол Коммунистік партияның басшылығы арқасында ұлы орыс халқының көмегімен, қазақ халқы өз республикасын артта қалған елден гүлденген индустриялы-колхозды республикаға айналдырғанын баяндайды.

Қазақстанның табиғаты әрі бай, әрі алуан түрлі. Табиғат және әуе райы- топырақ жағдайының алуан түрлі болуы малдың бағалы түрлерін өсіруге, колхоздар мен совхоздардың егіс далаларында ауылшаруашылық дақылдарының барлық түрін дерлік егуге қолайлы жағдай жасайды.

Міне осы бай өлкеге совет халқы ондаған жаңа қалалар мен өнеркәсіп орталықтарын, жүздеген заводтар, фабрикалар, ірі су құрылысы жүйелерін, қуатты электр станцияларын салып, темір жолдар тартты, ірі механикаландырылған ауыл шаушылығын ұйымдастырды, жүздеген мектеп, көптеген институттар мен техникумдар ашты. Көрмеге қатысушылар бұлардың бәрімен электрлендірілген макеттер, көркем диаграммалар, таблицалар, документті фотосуреттер арқылы танысады. Бұлар орталық залдың 8 стендасына орналастырылған. Тың және тыңайған жерлерді игеруді көрсететін арнаулы стенда бар.

Елімізде 1954—1955 жылдары игерілуге тиісті 13 миллион гектар тың және тыңайған жерлердің 6,3 миллион гектарын игеру Қазақстанның үлесіне тиген. Бұл аса зор программаны жүзеге асыру таяудағы екі жылдың ішінде Қазақстанда астық өндірісін 500—600 миллион пұтқа дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл стендада Солтүстік Қазақстан облысының Конюхов ауданындағы «Путь Ленина» колхозының тың және тыңайған жерлер игерудегі табыстары көрсетіледі. Артель соңғы екі—үш жылдың ішінде екі мың гектардан аса жаңа жер игерген. Колхозда тың және тыңайған жерлерге егілген бұрнағы жылмен салыстырғанда екі есе дерлік көбейген. Шаруашылықтың барлық табысының 65 проценті осы дәнді дақылдардан алынған.

Астық шаруашылығын онан әрі ұлғайта беру үшін жаңа жерлерді игеру бүкілхалықтық іске айналды. Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игерумен 1699 колхоз, 283 МТС, 122 бұрыннан бар, 92 жаңадан ұйымдастырылған совхоз айналысады. 1954 жылы республикаға 15 аттың күшіне шаққанда 53800 трактор жеткізілмек. Осының нәтижесінде МТС-тердің трактор паркі колхоздарда —екі есе, совхоздарда —үш есе өседі.

Партия мен Үкмет Советтік Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендетуге үнемі қамқорлық жасап келеді. Коммунистік партия мен Совет үкметінің шақыруы бойынша еліміздің әр түкпірінен Қазақстанға 60 мыңнан астам маман механизаторлар, агрономдар, комсомолецжастар келді. Москваның, Украинаның және Кубаньнің жіберген көптеген мамандары кәзірдің өзінде Қазақстанның МТС-тері мен совхоздарында тұрақты қызметкер болып, тың және тыңайған жерлерді игеру сияқты бүкілхалықтық іске зор сүйіспеншілікпен үлес қосуда.

Павильонның 4 залына орналастырылған 19 стенд және 20 биік қондырма республиканың мал шаруашылығын өркендетудегі табыстарын көрсетеді. Павлодар облысындағы Бесқарағай қой совхозының, Семей облысындағы, «Красные горные орлы» колхозының, Алматы облысындағы Мичурин атындағы колхоздың, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шымқорған қаракөл совхозының мысалдарынан Қазақстан жағдайында өнімді мол беретін биязы жүнді қойлары ойдағыдай өркендетуге болатындығы, әрбір қойдан жылына 6 килограмм жүн қырқып, туған қозылардан 82—85 процент бірінші сортты қаракөл елтірісін және әрбір 100 саулықтан 120—130 қозы алуға болатыны баяндалады.

Республика қой шаруашылығы озаттарының табыстары «Красные горные орлы» колхозының мысалы арқылы көрінеді. 1953 жылы бұл колхозда әрбір жүз гектар егіндік, шабындық және жайылым дық жерден 168 килограмнан жүн алынған. Мұнда биязы және жартылай биязы жүнді қойлардың саны 1953 жылдың аяғында 21 мың басқа жеткен. Былтыр артель мемлекетке 700 центнер жүн өткізген. Колхоздың барлық табысы үш миллион 466 мың сом болса, оның 2 миллион сомнан астамы қой шаруашылығынан алынған.

Өсімдік шаруашылығы залында егіншіліктің әр алуан салалары кеңінен көрсетіледі. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың тәжрибелері арқылы дәнді тұқ-

Стендалардың бірінде республикадағы ең озат МТС-тердің бірі —Рузаев машина-трактор станциясының (Көкшетау облысы) жұмысы баяндалады. Бұл МТС 150 мың гектардан аса жері бар 8 колхозды қамтыйды. 1954 жылы дәнді дақылдардың жалпы егіс көлемі 38 мың гектарға жетті. 1953 жылы станция сегіз мың гектардан аса жаңа жерлер игерді, ал 1954 —55 жылдары мұнда 40 мың гектардан астам тың және тыңайған жерлер игерілмек.

МТС-тің тың және тыңайған жерлерді игерудегі жұмыстарын және озат колхоздардың табыстарына арналған стендада Рузаев МТС қамтыйтын Молотов атындағы колхоздың қол жеткен табыстары көрсетіледі. 1953 жылы 4841 гектар жердегі жаздық бидайдың әр гектарынан колхоз 23,3 центнерден өнім алған. Ал тың жерлерге орналастырылған бидайдың гектарынан түскен өнім 24 центнерге дейін жеткен. 1952—53 жылдары колхоз 2500 гектар жаңа жер игерсе, 1954—55 жылдары ондай жерлердің көлемі 8 мың гектар болады.

Шаруашылықтың әр саласын жекежеке көрсетуге арналған стендаларда Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы «Қызыл ту» колхозының 1953 жылы 20 гектар жердегі күріштің әр гектарынан 70 центнерден өнім алған атақты күріпшісі, Социалистік Еңбек Ері Ыбрай Жақаевтың, 1952 жылы 15 гектар жердегі тарының әр гектарынан 55 центнерден өнім алған Ойыл ауданындағы (Ақтөбе облысы) Амангелді атындағы колхоздың бригадирі, Шығанақ Берсиевтің шәкірті Ернияз Жолбатыровтың табыстары қойылған.

Озат шаруашылықтар мен ауыл шаруашылығы жаңашылдарының табыстарын көрсеткенде олардың ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім өсірудегі және мал шаруашылығының өнімділігін арттырудағы озат агротехникалық әдістері де кеңінен ашылады.

Мичуриндік агробиология ғылымының табыстарын баяндауға да арнаулы стендалар бөлінген. Шортанды тәжрибе станциясының, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясы Қазақ филиалының егіншілік және мал шаруашылығы институттарының, Қазақ ССР Ғылым академиясының эксперименттік биология институтының және басқаларының мысалдарынан ғылымның социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуге қосқан үлесі көрсетіледі.

Кәзірдің өзінде павильонда көптеген экспонаттар келіп түсті. Республиканың солтүстік облыстарынан астық баулары, дәнді және жемшөптік дақылдардың әртүрлі сорттарының тұқымдары, оңтүстік облыстардан мақтаның сабақтары, қаракөл елтірілері, майлы дақылдардың үлгілері жеткізілді.

Енді аз күннен кейін бүкіл еліміздің ауыл шаруашылығы еңбекшілері асыға күткен Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі ашылмақ. [illegible]

КИНО

„КӘМЕЛЕТТІК АТТЕСТАТ"

Облысымыздың кинотеатрлары экрандарында жастарға коммунистік тәрбие беру тақырыбына арналған «Кәмелеттік аттестат» кинофильмі жүріп жатыр. Кинофильмнің сценариіне жазған Л. Гераскина, фильмді қоюшы Т. Лукашевич, музыкасы композитор Л. Шварцтікі. Фильмді Ленин орденді «Мосфильм» киностудиясы 1954 жылы жасап шығарған.

Фильм оқыйғасы орта мектеп оқушыларының жазғы каникул кезіндегі альпинистік жорықтарын көрсетуден басталады да, олардың оныншы класты ойдағыдай бітіріп, жоғары оқу орнына аттануымен аяқталады. Картинада көтерілетін негізгі тақырыптар — мектеп пен семьяның арасындағы байланыс, совет мектептеріндегі коммунистік тәрбиенің негізгі бір түрі —коллективтік тәрбиенің күші, мектептегі комсомол ұйымының оқушыларды тәрбиелеудегі ролі.

Оныншы класс оқушысы Валентин Листовский сабаққа зирек, математикаға ыңғайы бар талапты оқушы. Ол мектептің қоғам өміріне де белсене араласып жүреді. Бірақ, Валентин ерке, өзімшіл болып өскен. Оның әкесі—машина жасау заводының бас инженері Листовский балалық шағы кезінде өзі бастан кешкен ауыр тұрмысты балаларының басынан кешірмеуін ескеріп, өзінің екі ұлына қолдан келген барлық мүмкіншілікті жасайды. Бұл жағдай Валентинге керісінше әсер етеді, оны өзімшілдік жолға түсіріп, бірге оқыйтын жолдастарын сыйламай, мен- мендікке салынуға, өз күшін коллектив күшінен жоғары бағалауға ұрындырады. Мәселен, ол жазғы демалыс кезінде альпинистік жорыққа қатысуды ұсынған өзінің досы, мектеп комсомол Валяны комсомол қатарында қалдырады. Орта мектепті ойдағыдай аяқтаған Валя Листовский, Женя Кузнецов және басқалары жоғары оқу орындарына аттанады.

Кинофильмнің құндылығы — коллективтің тәрбиелік күшін толық және мазмұнды көрсете білуінде. Бұл тақырып, әсресе, артистердің өз рольдерін шебер орындауы нәтижесінде тереңдей түскен. Валентин Листовскийдің ролін орындаған артист В. Лановой өзінің талантты сахна шебері екендігін көрсете алды. Ол мен- мен, өзімшіл, тәкәббар жастың бейнесін ойдағыдай жасай алған. Оның орындауындағы Валентин Листовский әке қамқорлығын теріс түсініп, өз күшін асыра бағалайтын, өзгеден өзін артық санайтын мен- мен жас болып шыққан. Сонымен қатар, артист Валяның ішкі дүниесін шебер көрсете білген. Әсресе, оның комсомол жыйналысынан кейін Валяның қатты толғануын көрсетуі өте нанымды.

Жас артист В. Грачевтың орындауындағы Женя Кузнецов —фильмдегі ең жағымды образдардың бірі. Артист мектеп комсомол ұйымының секретарының бейнесін алдыңғы қатарлы совет жастарына тән қасиеттерді бойына жыйнақтай білген жас ретінде ерекшелей білген. Оқуда озат, мектептің қоғамдық өміріне белсене қатысатын ол өз досының бойындағы кемшіліктерді көре тұрып, оған төзімділік жасай алмайды. Сондықтан да ол Валя Листовскийді комсомолдан шығаруға ұсыныс жасайды. Өзінің бұл қылығын ол досыма деген көмегім деп түсінеді. Рас, бұл жағдайда Женя көп толқуларға түседі. Мұнысы бір жағынан [illegible]

Колхозға көмек

Өткен жексенбі күні аудан мекемелерінің қызметкерлері Сталин атындағы колхозға көмекке барды. Мұнда 100-ге жуық адам овощь дақылдарын күту, оны арам шөптен отау жұмыстарына қатысты. Бір күннің ішінде 100 гектардан астам овощь дақылдары отырғызылған егістік алаңдар арам шөптерден тазартылды.

Комбайн агрегаттарын ұйымдастырушылар

ҚКП аудандық комитеті Петропавл МТС-іне комбайн агрегаттарына ұйымдастырушы болып істеу үшін 27 адам жіберді. Олардың ішінде партия, совет және комсомол активтері бар. Жақында МТС партия ұйымы олармен кеңес өткізді. Бұл кеңесте МТС партия ұйымының секретары Бенделев жолдас комбайн агрегаттарының жұмысын үлгілі ұйымдастыру жөнінде баяндама жасады. Комбайн ұйымдастырушылары өздері жұмыс істейтін агрегаттың құрамымен, олардың егін орағына әзірлігімен танысу үшін өздері жұмыс істейтін колхоздарға жүріп кетті.

СТАНДАРТТЫ ҚОРАЛАР САЛЫНУДА

Петропавл ауданының колхоздары жазғы уақытты дұрыс пайдалана отырып, қоғамдық малға қоралар салу жұмысын кеңінен өрістетуде. Жаңа стандартты қоралар салу жұмысы, әсресе, Сталин атындағы колхозда ұйымшылдықпен жүргізілуде. Колхоз үстіміздегі жылы 700 мың сомның жаңа құрылыстарын салмақ. Жаңа қоралар үлгілі жоба бойынша салынуда. Онда аспалы жол, электр двигателі жұмыс істейтін болады. Колхозда құрамында 27 адамы бар құрылыс бригадасы жұмыс істейді. Оны тәжрибелі шебер С. Молотков жолдас басқарады.

Колхоз басқармасы бригаданы керекті құрал- жабдықпен, транспортпен қамтамасыз еткен. Бригада қолдан шығарылыстыру пунктін, қаймақ бөлімшесінің үйін 1 августқа, 300 бастық шошқа қорасын 1 сентябрьге, әрқайсысы 500 бастық екі стандартты қой қорасын 1 октябрьге дейін бітіруді ұйғарып отыр.

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысымен жігерленген бригада мүшелері құрылыс жұмыстарын бұрынғыдан да қызу жүргізуде. Олар Пленум қаулысына жауап ретінде екі стандартты мал қорасын мерзімінен 10 күн бұрын бітіруге міндеттенді. Еңбек озаттары Дмитрий Санкин және Иван Штоль жолдастар күнделікті тапсырмаларын үнемі 175 процент орындап, басқаларға үлгі көрсетуде.

Қоғамдық малға жайлы қоралар салу жұмыстары ауданның «Красный пахарь», Пушкин атындағы, Ворошилов атындағы және басқа колхоздарда да айтарлықтай жүргізілуде.

Г. ВАСИЛЬЕВ.

Екі МТС механизаторларының жарысы

Жақында болып өткен Петропавл аудандық механизаторлар кеңесі СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумы қаулысының машина- трактор станцияларында орындалу барысы және ставропольдіктердің үндеуін талқылауға арналды.

Кеңесте бірінші болып сөз алған Асанов МТС-нің озат комбайншысы Петр Левлюх жолдас былай деді:

— Мен ставропольдіктердің бағалы бастамасына жауап ретінде 15 жұмыс күні ішінде бір «Сталинец-6» комбайнымен 650 гектар егін орып, 6500 центнер астық бастырамын. 250 килограмм жанар, жағар майларын үнемдеп, 300 гектар алаңды сыдыра жыртамын. Машинаны техникалық жоғары күтімде паркке тапсырамын. Бұдан кейін Петр Левлюх жолдас Петропавл МТС-нің озат комбайншысы Михаил Ким жолдасты социалистік жарысқа шақырды.

—Петр Левлюх жолдастың шақыруын қолдаймын деді, —Ким жолдас. Бірақ, менің міндеттемем одан жоғары болады. «Сталинец-6» комбайнымен 1600 гектар алаңның егінін орып, 20 мың центнер астық бастыруға міндеттенемін. Социалистік жарыста тек қана Левлюх жолдастан емес, сонымен бірге, біздің МТС-тегі Социалистік Еңбек Ері Хрестьян Шварцтан да озып шығуға уәде беремін.

Кеңесте шығып сөйлеген комбайншылар мен тракторшылар егін орағына әзірліктің барысына тоқталды. Мұнымен бірге олар Ставрополь өлкесі, Петров МТС-і комбайншыларының бүкіл еліміздің механизаторларына жазған үндеуін қолдап, оған жауап ретінде өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды. Механизаторлар өздерінің бірге істейтін жолдастарымен, көрші МТС-тің механизаторларымен социалистік жарысқа түсті.

Кеңеске қатысушылар қол жеткен кейбір табыстармен бірге, жұмыстағы бірқатар кемшіліктердің бетін ашты. Асанов, Петропавл МТС-терінде СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумы қарарларының орындалу барысы—егінді күту, егін орағына әзірлік жұмыстары қанағаттанғысыз жүргізілуде. Екі МТС-те де комбайн жөндеудің барысы тіпті нашар. МТС, колхоз басшылары астық қырмандарын механикаландыруға, егін жыйнауды қысқа мерзімде өткізуге бағытталған ешкандай мардымды шаралар белгілемей отыр.

Социалистік Еңбек Ері Шварц, Бажанов, Кель, Грязнов, Ульянов және басқа комбайншылар өздерінің комбайндарын егін орағына үлгілі әзірлей отырып, жаңа астықтың ысырап болмауына зер салуда. Осы мақсатпен олар машинаның астық бастыратын жеке бөлшектерін қайта жабдықтады. Комбайнның егінді оратын бөлшектерін жетілдіріп, оларды егінді төмен оруға бейімдеді. Бірақ, олардың бұл бастамасын басқа механизаторларға тарату ісіне МТС басшылары жете көңіл бөлмей отыр.

Мінбеде Петропавл МТС-нің тракторшысы Пьянков жолдас:

—Мен быйыл егін орағы кезінде Кулибаба жолдастың агрегатында жұмыс істеймін. Ол агрегаттың өзіне алған көтеріңкі міндеттемесін айтты. Бұл міндетті аброймен орындау әрбір агрегат мүшесінің абройлы ісі. Менің «ДТ— 54» машинам алдағы қызу еңбекке әзір тұр. Тәулігіне 20 сағат жұмыс істейміз. Агрегат мүшелері бірлесе отырып, машина қуатын үнемді пайдаланудың шараларын белгіледік.

Кеңеске қатысушылар Петропавл совхозының бас инженері Федченко жолдастың сөзін зейін қоя тыңдады. Ол ауылшаруашылық машиналарын үнемді пайдаланып, озат механизаторлардың жұмыс үлгілерін көпшілік игілігіне айналдыру міндетін қойды. Бірақ, біздің озат комбайншыларымыздың бағалы жұмыс әдістерін жас механизаторларға тарату ісі айтарлықтай ұйымдастырылмай келеді. Бұған алдымен МТС партия ұйымы, МТС-тің басшылары мен мамандары кінәлі. Алдымыздағы егін орағында астықты ысырапсыз жыйнау күресі ерекше маңыз алғалы отыр. Егер МТС-тер мен колхоздарда астықты ысырапсыз жыйнауға бағытталған үлгілі жұмыс әдістерін көзірден бастап таратуға кіріссек, ол, сөз жоқ, көп пайда келтірер еді.

Кеңесте қаладан комбайн агрегатында ұйымдастырушы болуға жіберілген Гучумов жолдас сөз сөйледі.

—СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қарары бойынша қала партия ұйымдары селоға жүзеген комбайн агрегаттарының ұйымдастырушыларын жіберді. Мен егін орағын Петропавл МТС-індегі Байбусынов жолдастың агрегатында өткіземін. Колхозға келісімен-ақ агрегаттың мүшелерімен таныстым. Мұнымен бірге «Луч Ленина» колхозының басқармасымен келісе отырып агрегаттың егін орағы күндерінде үлгілі жұмыс істеуіне бағытталған бірқатар шаралар белгіледік. Егін орағы кезінде үш күн сайын жауынгерлік листок шығару ұйымдастырылады. Агрегат мүшелерімен түрлі тақырыптарда әңгімелер өткізіп, социалистік жарысқа уақытылы қорытынды жасап отырамын.

Кеңесте аудандық партия комитетінің секретары Қабдуғасов, ҚЛКЖО аудандық комитетінің секретары Жақсылықова жолдастар және басқалары сөз сөйледі.

МТС коллективі атынан Асанов МТС-і партия ұйымының секретары Веретенников жолдас станция комбайншыларының алған міндеттемелерін оқыды. Петропавл МТС-ін социалистік жарысқа шақырды. Петропавл МТС-і партия ұйымының секретары Бенделев жолдас асановтықтардың шақыруын қабылдап, оларды өз коллективінің міндеттемелерімен таныстырды.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Жазылған қағаз көп, нәтиже жоқ“

Газетіміздің осы жылғы 20 июньдегі номерінде осы тақырыпшен жарияланған мақалада Совет аудандық сотының аудандағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының түрлі адамдардан және басқа колхоздан алатын алашағын өндіріп беру жөнінде берген арыздарын екі жылдан бері қарамай, колхозға құшақ- құшақ қатынас қағаздар жазумен тынып келгендігі айтылған болатын.

Юстиция министрлігінің облыстық басқармасының бастығы Сокол жолдас бұл жөнінде редакцияға мынаны хабарлады:

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының Ивановка селолық тұтынушылар қоғамының бұрынғы дайындаушысы Незамутдиновтан дайындау орындарына деп сатып алған екі мал үшін 1204 сом ақшаны өндіріп беру жөніндегі арызын Совет ауданының бұрынғы судьясы Нұртазин және Полудень ауданының 1-учаскелік халық сотының судьясы 6 ай бойы қарамай келгендігі анықталды. Ивановка селолық тұтынушылар одағының Незамутдиновтың ешқандай борышы жоқ деп берген документіне сүйене отырып, Совет аудандық халық соты Нұртазин жолдастың председательдік етуімен 1953 жылғы 28 мартта бұл істі мүлде жауып тастаған, бұл жөнінде колхоз басқармасы осы күнге дейін ештеңе білмеген.

Совет аудандық сотының 1953 жылғы 28 марттағы анықтамасын өзгерту үшін бұл іс Қазақ ССР Жоғарғы сотының председателіне жіберілді.

Полудень аудандық халық судьясы Спиридонов жөніндегі мәселе заң қызметкерлерінің кеңесінде талқыланып, оған алдағы уақытта мұндай кемшілікке жол бермеу ескертілді.

Осы колхоздың «Красный полтавец» колхозынан және басқа колхозшылардан алатын алашағын өндіріп беру жөніндегі арыздары да қаралмай жатқандығы анықталды. Сондықтан бұл істерді қарау үшін «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозына халық судьясы Таубаев жолдас жіберілді.

былай дейді:

—Бұл, тауға өрмелеу сыяқты мазмұнсыз құмарлыққа мен еліктемеймін, маған паркет үстінде жүру әлде қайда қолайлы.

Оның өзін өзі сүйетіндігі, даңқ құмарлығы, әсресе, осы жорықта айқын көрінеді. Ол өзінің «батырлығын» көрсетпек болып, Женяның ескерткеніне қарамастан қыя шыңға өрмелей береді. Ең ақырында ол зор хауіпке кез болады. Оны тек қана Женяның көмегі ажалдан арашалап алып қалады.

Валентин мектепте де, үйде де өзін өзгеден артық қоюға тырысып отырады. Орынсыз жерде өзін ерекше көрсетуді әдетке айналдырады. Оның бұл мінезі, тарих пәнінің оқытушысы жас мұғалима Яковлеваның сабағында айқын көрінеді. Ол жас мұғалиманың тәжрибесіздігін пайдаланып, оны мазаққа айналдырмақ болады. Мұны ол өзінше өнер деп түсінеді. Бірақ, коллектив оның бұл сыяқты жарамсыз қылықтарына төзіп отыра алмайды.

Валентин өзінің қателігін мектеп комсомол ұйымының жалпы жыйналысында да мойындамайды. Оны сынап сөйлеген жолдастарының сөзін ол өзін көре алмағандықтан болып отырған жағдай деп түсініп, мен- мендік сөздер айтады. Комсомол жыйналысы совет жастарына жат қылықтары үшін Валентин Листовскийді комсомол қатарынан шығаруға қаулы алады.

Бұл жағдай Валентинге күшті әсер етеді. Ол ендігі жерде өзінің өрескел қателігін түсіне бастайды. Өмірге жаңаша қарап, жолдастарының, мектептің ол үшін ауа қандай қажет болса, сондай қажет екендігін сезіненді. Сондықтан да ол өз қателігін түзеу жолында тынбастан еңбек етеді. Сөйтіп, қәлеметтік аттестат алу үшін болған мемлекеттік емтиханда әдебиетте суреттелген совет адамдарының ерлігі туралы сұраққа өте мазмұнды жауап береді.

—Коллективтен қол үзген адам, —дейді ол, —дәрменсіз, бейшара болып қалады...

Валентин Листовскийдің ісін қараған аудандық комсомол комитетінің бюросы оның өз қателігін түсінгенін ескеріп, қатты батады. Фильмдегі Женя Кузнецовтың образы өте нанымды, реалистік әдіс бойынша шешілген образ.

Фильмде коммунизмнің болашақ құрылысшылары —жас ұрпақтарды тәрбиелеуші оқытушыларға да көп орын берілген. Бұл жағдайда педагогикалық екі түрлі әдістің өкілдері көрсетіледі. Өзінің бүкіл өмірін жас ұрпақтарды тәрбиелеуге арнаған қарт оқытушы Борис Иванович (артист Г. Черноволенко) балаларды тәрбиелеудің барлық озат әдістерін меңгерген шебер педагог. Ал, математика пәнінің оқытушысының образы бұған қарама- қарсы. Ол көп реттерде Валентин Листовскийдің математикаға ынқайлығын барынша асыра мақтап, оны Валяның көзінше «сенің зор талантың бар» деп мақтайды. Бұл жағдай Листовскийдің теріс жолға түсуіне аз әсер етпейді.

Артистка Г. Ляпинаның орындауындағы оқушы қыз Виканың образы да сәтті шыққан. Сезімтал, жұмсақ мінезді оқушының ролін артистка лирикалық шеберлікпен жасай білген. Бірақ IX класс оқушысының махаббатының ерте оянуына біздің дауымыз бар. Әрине, бұл кінә сценарийдің авторынан деуіміз керек. Негізінде, сценарийдің авторы мектеп оқушыларының арасындағы достықпен, адамдар арасындағы болатын сүйіспеншілік махаббатты айыра алмағанға ұқсайды. Сондықтан да фильмдегі Валя мен Виканың өз ара қатынасын достықтан гөрі сүйіспеншілік махаббатқа жақындатып жіберген.

Картинадағы көрсетілетін мектеп пен семьяның байланысы әлі де болса тереңірек көрсетілгені дұрыс болатын еді. Ал, мұнда бұл байланыс небары Валяның әкесінің мектепке бір рет келуімен аяқталады.

Жалпы алғанда «Кәмелеттік аттестат» жас ұрпақтарды тәрбиелеу сыяқты өте бағалы тақырыпқа арналған, көркемдік дәрежесі жоғары, идеялық мазмұны терең картина. Сондықтанда оны облыс еңбекшілері қызыға көруде.

Ғ. ЖАХИН,

Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебінің оқытушысы.

Лайықты награда

Октябрь ауданындағы Қызылту жетіжылдық мектебінің директоры Қ. Баязиев пен осы мектептің оқытушылары Қ. Сүлейменов, Қ. Шоқатов жолдастар Алматы қаласында өткізілген республикалық төртінші «Педагогикалық оқуға» барып қайтты.

«Педагогикалық оқудың» жюриі Қ. Баязиевтің «Менің басқарушылық тәжрибелерімнен» деген баяндамасын жоғары бағалап, оны Қазақ ССР Оқу министрлігі педагогикалық ғылымдар зерттеу институтының құрмет грамотасымен наградтап, «Ағарту қызметінің озаты» значегімен наградтауға ұсынды. Ал, оқытушы Сүлейменов, Шоқатов жолдастар өздерінің мазмұнды баяндамалары үшін грамотамен наградталды.

Бұл құрметті наградалар тәжрибелі педагоггардың жас ұрпақтарды тәрбиелеу жолындағы қажырлы еңбектерінің жемісі болып табылады.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

ЖАҢА МЕКТЕП

Приишім совхозының орталық усадьбасында жетіжылдық мектеп үйінің құрылысы аяқталып келеді. Мектеп үйін салушы құрылысшылар құрылыс жұмыстарын бірінші августқа дейін бітіруге ұйғарды. Жаңа мектепте физкультура залы, әрбір пән бөлмелер жұмыс істейтін болады.

ССРО-ның, Белоруссияның және Украинаның ЮНЕСКО мүшелігіне алынуы

ПАРИЖ, 16 июль. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің Венециядан берген хабарына қарағанда, ЮНЕСКО-ның (Ұлттардың білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұйымы) атқару комитетінің осында болып жатқан 38-ші сессиясында кеше Совет Одағы, Белорус ССР-і және Украин ССР-і дауысқа қойылмастан ЮНЕСКО мүшелігіне алынған.

АЛБАН ЕҢБЕК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ

ТИРАНА, 17 июль. (СОТА). Албан телеграф агенттігі Албан Еңбек партиясы Орталық Комитетінің пленумы туралы мынадай хабар берді:

1954 жылғы 12 июльде Албан Еңбек партиясы Орталық Комитетінің пленумы болды. Пленум Энвер Ходжа жолдас жасаған партияны нығайту және партияның мемлекеттік аппараттың ісін онан әрі жақсарту міндеттері туралы саяси бюро баяндамасын тыңдап, талқылады.

Албан Еңбек партиясы Орталық Комитетінің пленумы Энвер Ходжа жолдастың баяндамасын бүкіл партия үшін директива ретінде мақұлдады.

Пленум партияның бас секретары қызметін ұнатты, сөгіп, Энвер Ходжа жолдасты Орталық Комитеттің бірінші секретары етіп сайлады.

Пленум Мануш Муфти және Иовиф Пашко жолдастарды басшы жұмысқа ауысуына байланысты Орталық Комитеттің секретарьлары қызметінен босатты.

Пленум Орталық Комитеттің секретарьлары етіп Гого Нуши және Лири Белишов жолдастарды сайлады.

Пленум, мұнымен қатар, партияның негізгі жұмыстарын нығайтуға қатысы бар басқа мәселелерді де қарады.

ПОЛЬШАНЫҢ «ПРАЦА» КЕМЕСІНІҢ ЭКИПАЖЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЕЛІНЕ ҚАЙТЫП КЕЛУІ

ВАРШАВА, 16 июль. (СОТА). Польшаның баспасөз агенттігі мынаны хабарлады: Польша үкметінің қажырлы шаралар қолдануы нәтижесінде кеше «Праца» кемесі экипажының 18 теңізшісі Польшаға қайтып келді, олар американ империалистерінің нұсқауы бойынша әрекет еткен чанкайшилік қарақшылардың қолында Тайвань аралында 9 айдан астам уақыт болған.

«Праца» кемесі экипажының мүшелерін елге қайтару кезінде Польшаның қызыл кресінің өтініші бойынша жұмыс жүргізген Швецияның қызыл кресі зор көмек көрсетті.

ПАКИСТАННЫҢ ПРЕМЬЕР- МИНИСТРІ МОХАММЕД АЛИДІҢ БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ЖАСАҒАН МӘЛІМДЕМЕСІ

КАРАЧИ, 16 июль. (СОТА). Кеше Кара-

Совет соғыс корабльдері отрядының Стокгольмде болуы

СТОКГОЛЬМ, 18 июль. (СОТА). Совет соғыс корабльдері отрядының Стокгольмде жүрген теңізшілері кеше автобусқа мініп қалаға саяхат жасады және катерлерге мініп, Стокгольмнің ішінен өтіп жатқан көптеген бұғаздарды аралады, соғыс-теңіз музейінде, кинода және Вестерос қаласындағы «Асса» электротехникалық аппаратура заводында болды.

Түстен кейін Швецияның жағалаудағы қорғаныс флоты екінші эскадрасының командашысы совет корабльдері отрядының офицерлері мен старшиналарын қабылдады. Кешірек осы эскадраның корабльдерінде совет теңізшілерінің құрметіне қонақасы берілді. Швецияның шығыс жағалаудағы соғыс-теңіз округінің командашысы офицерлер құрамына қонақасы берді.

Түске дейін «Адмирал Ушаков» крейсерінде Швецияның әртүрлі жұртшылық, кәсіподақ, мәдени және спорттық ұйымдарының өкілдері болды.

Олар «Адмирал Ушаков» крейсерінің Келушілер пікірлері жазылатын кітабына» жазған пікірлерінде совет-соғыс корабльдеріне сүйіншіліктерін, совет теңізшілеріне құттықтауларын және олардың табысты болуына тілектестіктерін білдірді. Бейбітшілікті сақтау және Швеция мен Совет Одағының арасында татулық көршілік қатынастарды нығайту тілектері ерекше орын алады.

Совет корабльдерінің сәулетті көркіне сүйісіп қарап, жағаға шыққан совет теңізшілерін үлкен ынтамен қарсы алған Стокгольмнің көптеген тұрғын халықтары жағалауда әрдайым топ-тобымен жиналып тұрды. Өзінің қаласында басқа көп елдердің теңізшілерін көрген Стокгольмнің тұрғын халықтары совет теңізшілерінің әдептілігіне, сыпайылығына, сырт көрініс келбетіне сүйісіп таңданумен болды.

Бүгін таңертең шыққан газеттердің көбі совет соғыс корабльдері тобының Швецияда болуы туралы астаналық және провинциялық баспасөздердің пікірлерін қорытып жазды.

Совет корабльдерінің Стокгольмде болуы жайында

СТОКГОЛЬМ, 19 июль. (СОТА). Кеше Стокгольмде достық сапарымен келген совет корабльдеріне еңбекшілердің келуі басталды. Совет корабльдерінде астананың 2 мыңға жуық тұрғындары болды.

Түстен кейін «Скансен» қалалық паркінде «Адмирал Ушаков» крейсерінің духовой оркестрінің концерті болды. Ауа райының жаңбырлы болуына қарамастан концертті тыңдауға Стокгольмнің көптеген тұрғындары келді. Тыңдаушылар концертті жылы жүзбен қарсы алды.

Оркестр ойнап болғаннан кейін совет теңізшілері көркемөнер үйірмесінің концерті басталды. Совет теңізшілерін «Швеция—ССРО» қоғамы басқармасының мүшесі, Риксдагтың депутаты Георг Брантинг құттықтады. Брантинг совет және швед корабльдерінің өзара достық сапар жасауы Швеция мен ССРО арасындағы достық қатынасты онан әрі нығайтатын іс болып табылатындығына сенім білдірді. Жыйналғандардың ду қолшапалақтауымен Брантинг өзінің сөзін «Халықтар арасындағы достық жасасын!» деген ұранмен аяқтады.

«Швеция —ССРО» қоғамы ұйымдастырған концерттің бас кезінде швед әншісі Хельчи Ершиннің қатысуымен «Скансен» паркінің ансамблі халық биін биледі.

Бұдан кейін совет теңізшілері өзінің өнерін көрсетті. Совет теңізшілерінің көркемөнер үйірмесі мүшелері орыстың бірқатар халық әндерін және совет әндерін, теңіз өлеңдерін орындады. Көркемөнерпаздардың бишілер тобы теңізшілер биін орындады. Концерттің әрбір номері ду қолшапалақтаумен қарсы алынып отырылды. Көрушілердің қалың тобы күннің жаңбырлы болуына қарамастан, эстрада тұрған алаңның теккана алдыңғы жағын емес, сонымен бірге алаңдағы барлық бос жеріне лық толды.

Концерт аяқталғаннан кейін, ду қолшапалақтау үстінде совет теңізшілеріне гүлдер ұсынылды.

Концертке ССРО-ның Швециядағы елшісі К. К. Родионов, контр-адмирал В. Ф. Котов бастаған совет соғыс корабльдері отрядының командованиесі, Швецияның Шығыс соғыс-теңіз округінің командашысы адмирал Анденберг және басқалар қатысты.

Чехословакия сыртқы істер министрлігінің АҚШ елшілігіне нотасы

ПРАГА, 16 июль. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, АҚШ елшілігі 7 июльде Чехословак сыртқы істер министрлігіне жолдаған наразылық нотасы дейін көрсе өзінің мазмұны

БАТАК ГИДРОЭНЕРГЕТИКА ТОРАБЫН САЛУ ТУРАЛЫ БОЛГАР ҮКМЕТІ МЕН БОЛГАР КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

СОФИЯ, 16 июль. (СОТА). Батак гидроэнергетика торабын салу туралы бүгін Болгария министрлер Советі мен Болгария Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қаулысы жарияланды. Болгарияның Министрлер Советі мен Болгария Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті электрлендіру министрлігіне 1957 жылдың аяғына дейін тораптың жалпы қуаты кемінде 102 мың киловаттық электр станциясын салып пайдалануға беруді, ал 1958 жылдың аяғына дейін тағы да 64 мың киловаттық электр станция салып пайдалануға беруді міндеттеді.

СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН ОБЛЫСТАРДЫҢ ХАЛҚЫНА ГДР ҮКМЕТІНІҢ КӨМЕГІ

БЕРЛИН, 16 июль. (СОТА). ГДР премьер- министрі жанындағы баспасөз ведомствосының хабарына қарағанда, кеше ГДР министрлер советі президиумының мәжілісі болған. Онда су тасқынынан зардап шеккен халыққа онан әрі көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы мәселе талқыланған. Министрлер советінің президиумы су тасқынынан зардап шеккен облыстарда тұрмысты дереу қалпына келтіруге бағытталған нақты шаралар қабылдаған.

Министрлер Советінің президиумы ГДР сауда және жабдықтау министріне азық-түлік тасып жеткізу және су тасқынынан зардап шеккен халықтың арасында тоқтаусыз сауда жүргізілуін жолға қоюды ұйымдастыруды міндеттеді. Сауда және жабдықтау министрлігіне су тасқынынан зардап шеккен аудандарға жеткілікті мөлшерде құрылыс материалдарын, мебель, аяқкиім, киім және басқаларын жіберу тапсырылды. ГДР денсаулық сақтау министрлігіне халыққа санитарлық қызмет етуді қамтамасыз ету жөнінде дереу шаралар қолдану және осы мақсатпен қосымша дәрігерлер мен дәрі- дәрмектер жіберу ұсынылды.

Таяу уақытта пәтерлерді, қоғамдық үйлерді, көпірлерді қалпына келтіру, бөгеттерді және басқаларын нығайту жұмыстары көзделініп отыр.

Мұнымен қатар су тасқынының өнеркәсіпке және ауыл шаруашылық аудандарына тигізген зардаптарын неғұрлым тез жоюға бағытталған шаралар қабылданды.

ГОЛЛАНДИЯ —ИНДОНЕЗИЯ КЕЛІССӨЗДЕРІ ЖАЙЫНДА

ДЖАКАРТА, 16 июль. (СОТА). Гаагада Индонезия мен Голландия арасында жүргізілін жатқан келіссөздердің барысы Индонезия жұртшылығының ашу- ызасын тудыруда.

Ұлттық партияның председателі Джойосукарто өзінің келіссөздерге мүлде наразы екенін мәлімдеген.

Парламенттің сыртқы істер жөніндегі

Бүкілқазақстандық жетінші спартакиада

Жарыстың жетінші және сегізінші күндері

«Динамо» стадионы. Оңтүстік трибуналарға қарсы солда боксер рингісі ағарандап көрінеді. Мұнда 17 июль күні спорттың ең көп тараған түрлерінің бірі— боксты жақсы көрушілер көп жыйналған. Шайқастың бірінші күні. Рингте боксшылардың бірінші тобы—ең жеңіл салмақты спортшылар шығыс қазақстандық Шәріпов және гурьевтік Тен. Олардың әрқайсысы онша көп шайқаста болып көрген жоқ. Екеуі де өздерінің тоғызыншы кездесуін өткізуде. Бастапқыда Шәріпов қызу қыймылдады. Бұдан кейін Тен шабуылға шықты. Ол инициативаны өз қолына алып, ұпай есебінен жеңіске жетті.

Жарыстың ең қызық кезеңі бірінші орта салмақтылар Злобин (Қарағанды облысы) және алматылық Джонсон арасындағы айқас болды. Екі спортшы да бірінші разрядта. Бұл екеуі Орта Азия республикалары мен Қазақстанның спартакиадасында кездескеннен бері бір-бірімен таныс. Онда Злобин жеңіп, чемпион атағына ие болған-ды. Шайқас қызу қыймылмен басталды. Джонсон бірнеше соққы жасады, бірақ, қарағандылық жақсы қорғанып, бәсекелесіне күшті тура соққымен төтеп берді. Бірінші раунд нәтижесіз аяқталды. Екінші раундта Злобин басымдық көрсетті, бірақ, шайқастың шешуші кезеңінде Джонсон жедел қыймылдап, жеңіске жетті. Жеңіл салмақтылардан Р. Омаров (Алматы облысы) Ақмоланың күшті боксері Үрістенбековты қаутқа жықты, ал, бірінші жартылай орта салмақты боксер батыс қазақстандық Ефимов ақмолалық Савицкийді де осылай жеңді. Ақмола командасының тағы да бір өкілі Калинин де батыс қазақстандық Карудоған (жартылай жеңіл салмақты) жеңіліп қалды. Осы салмақ категориясы бойынша республика чемпионы астаналық боксер Үсенов Жанайдаровты (Көкшетау облысы) жеңді.

Қарағандылық Кәрімов пен Бейсенбин (Қызылорда облысы) арасындағы кездесу өте қызық өтті. Кәрімов жастар арасында бокс жөнінен Совет Одағының чемпионы атағын екі рет алған спортшы. Оның айтарлықтай тәжрибесі бар. Ол 66 рет кездесті, мұның ішінде тек екі-ақ рет жеңіліске ұшырады. Кәзір Кәрімов ересек спортшылардың қатарында жарысқа түсін отыр. Өзінің алғыс жетінші шайқасын ол каутқа жығып, тез аяқтады.

Гурьевтік Розанов Орта Азия республикаларының және Қазақстанның чемпионы, алматылық Хасановка (екінші орта салмақты) күшті қарсылық көрсетті. Хасанов бокс өнерімен 8 жыл шұғылданады. Рингке 122 рет шықты, оның 109-да жеңіске жетті. Чемпион шайқасты жақсы бастады, бірақ, Розанов оған төтеп беріп, қорғана білді. Екінші раундта Хасановтың басымдылығы айқын болды. Ол рушілер жеңіске жеткен Батыс Қазақстанның волейболшыларын қызу құттықтады. Келесі күні астаналық облыстың волейболшылары тағы да жеңіліп қалды. Бұл жолы олардың бәсекелестері Алматының спортшылары болды. Алматылықтар бұл жарыста 3:0 есебімен ұтты. Алматы волейболшылары мүмкін болған төрт ойыннан төрт ұпай алып, республиканың чемпионы волейболшыларын қызу жарысуға алты күшті командалардың ішінен орын алуды қамтамасыз етті.

17 июльде Жамбыл облысының волейболшылары күшті сынға төтеп берді. Мұның қарсаңында олар Қызылорда командасын жеңген болатын. Бұл күні олардың бәсекелестері көкшетаулықтар болды. Бірінші кезең Жамбыл облысының командасының ұтуымен аяқталды. Бұдан кейін есеп 1:1 болды. Өздерінің бәсекелестерінен күш жағынан да, допты берулерінің дәлдігі жағынан да басымдылық алып, жамбылдықтар екі кезеңде қатарынан жеңіске жетті. Қарағанды волейболшылары да жақсы ойнады. Олар Қостанай және Оңтүстік Қазақстан командаларын жеңіп, екі ойында төрт ұпай алды.

Сонымен алдын-ала болған ойындардың нәтижесі ерлер командасы ішінде волейбол бойынша республиканың чемпионы атағын алу үшін финалды ойындарға кездесуге кімнің қатысатындығы айқындалды. Бұлар Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Семей, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Алматының командалары. Әйелдер волейбол командаларының ішінде мұндай жеңіске Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл облыстары мен Қазақстан астанасының командалары ие болды.

Баскетболдан болған алдын-ала ойындар да күштілерді анықтап берді. Ерлер командалары ішінде баскетболдан республика чемпионы атағын алу үшін жарысатын күшті командалар: Алматы, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстары мен Алматы командалары болып шықты. Баскетбол бойынша Қазақстанның чемпионы атағын алу үшін финалдық ойындарда Алматының, Алматы облысының, Семей, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарының әйелдер командалары бір-бірімен кездеседі.

«Динамо» және «Локомотив» стадиондарының футбол далаларында футболшылардың алғашқы финалдық ойыны болып өтті. Әзірше Батыс Қазақстан облысының спортшылары жарыста жеңілісіз келеді. Батыс қазақстандықтар аланнан екі рет жеңіспен кетті: бірінші реттте өзінің қақпасына бірде-бір доп енгізбей Шығыс Қазақстан командасының қақпасына бір доп өткізді, ал екіншіде, Семей облысының спортшыларын жеңді. Мүмкін болған төрт ойыннан алматылықтар үш ұпай алды. Олардың Семей футболшыларымен кезде-

Өтіп өткен баспасөз конференциясында сөз сөйлеп, Пакистанның премьер-министрі Мохаммед Али Пакистан Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына қатыстырылуын қуаттайтын болады деп мәлімдеді. Ол бұған қоса «Біз әрдайым осы бағытта әрекет жүргізіп келдік» деген.

ОСЛОДА ЖАСТАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЛЕТІНІҢ АШЫЛУЫ

ОСЛО, 19 июль. (СОТА). Кеше Ослода норвег жастар ұйымының жастардың бүкіл дүниежүзілік демократиялық федерациясымен бірлесіп шақырған жастардың халықаралық слеті ашылды. Слетке кәзірдің өзінде Финляндия, Швеция, Дания, Исландия жастарының көптеген делегациялары, Англияның, Батыс Германияның, Индияның, Индонезияның, Иранның өкілдері келді. Таяудағы күндерде Совет Одағының және Герман Демократиялық Республикасының делегациялары, француз жастарының бишілер тобы, Венгрия мен Чехословакия спортшылары келмек.

Слеттің ресми ашылуында Норвегия, Швеция, Дания, Финляндия және Исландия жастарының өкілдері құттықтау сөз сөйледі. Олар өз елдері жастарының барлық дүние жүзінің жастарымен ынтымақтастыққа ұмтылып отырғандығын атап көрсетті және бұл слет түрлі елдер арасында өзара түсінушілік пен достықты нығайту ісіне, халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтуға көмектеседі деген сенім білдірді.

ГЕРМАНИЯНЫҢ ЕКІ БӨЛЕГІ ӨКІЛДЕРІНІҢ СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІ

БЕРЛИН, 19 июль. (СОТА). Берлиннің демократиялық баспасөздерінің хабарына қарағанда, 1954 жылғы 16 июльде Эльбадағы Шнаккенбург қаласында Герман Демократиялық Республикасының су тасқынына қарсы күрес жөніндегі орталық комиссиясының батысгермандық транспорт министрі Зеебомге жіберген шақыруы бойынша Германия екі бөлігі өкілдерінің Эльбаға жақын жатқан Германия облыстарында су тасқынының хауіпіне қарсы күресте бірлесу мәселесі жөнінде біріккен кеңесі болған.

Хабарда былай деп атап көрсетілген: кеңестің барысында су тасқынының хауіпіне қарсы бірігіп шара қолдану туралы келісімге қол жетті.

СИРИЯ ТОҚЫМАШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

ПАРИЖ, 19 июль. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Дамаскадан берген хабарына қарағанда, Дамаска жұмысшыларының біріккен кәсіподағы егер 18 күннен бері ереуіл жасап жатқан Дамаскадағы тоқыма фабрикасының 1500 жұмысшысының талаптары қанағаттандырылмайтын болса, 24 июльде жалпы ереуіл бастауға қарар қабылдаған.

Сирия қалаларының басқа да біріккен кәсіподағы бұл ереуілді қолдау жөнінде мүмкіншілік мәселесін шешу үшін жыйналыстар өткізбек.

Чехословак республикасының премьер министрлігі АҚШ -тың Прагадағы елшілігіне нота жолдап, онда былай делінген:

4 июльде Чехословак шекарасынан өтіп, чехословак территориясына жарты километр жер кіріп, шекаралық аймақтағы маңызды объектілерді байқаумен және фото суретке түсірумен шұғылданған 7 американ әскери қызметшілерін ұстауға қарсылық білдірілген Америка Құрама Штаттары үкметінің дәлелсіз наразылығын Чехословакияның сыртқы істер министрлігі, Чехословак республикасы үкметінің тапсыруы бойынша, үзілді- кесілді қабылдамай тастайды.

Чехословак республикасының хауіпсіздігіне қарсы бағытталған әрекеттер жасаған кезінде чехословак территориясында ұсталған біртоп американ әскери қызметшілерінің Чехословак республикасы территориясының қол сұғылмайтын бүтіндігін бұзуы Америка Құрама Штаттарының —өздерінің салтанатты міндеттемелеріне және халықаралық правоның ең қарапайым принциптеріне қайшы келіп, —өздерінің «қырғиқабақтық соғыс» саясатының мүдделері үшін, Чехословак республикасының суверенді праволарын үнемі бұзу мақсатымен Германиядағы оккупациялық держава ретіндегі өз жағдайын қиянатпен пайдаланып отырғанын тағы да дәлелдеді.

Тиісті кешірім өтінудің орнына және халықаралық праволарға қайшы келіп, мен формәсы жағынан чехословак шекарасын бұзудың нақ өзі сияқты арандатушылық әрекет болып табылады. АҚШ үкметі айғақтары мен дәлелдері болмағандықтан, өзінің нотасында ойдан шығарылған өтіріктерді қолданған. АҚШ үкметі фактілерді бұрмалау және жала жабу жолымен Чехословак территориясының қол сұғылмайтын бүтіндігін бұзғандық үшін жауапкершіліктен құтылуға тырысып отыр, соның өзінде бұл нотаның мақсаты жаңа жанжалдар тудыруда және халықаралық шиеленісті ушықтыруда болып отыр.

Чехословак республикасының, сондай-ақ басқа да бейбітшіл елдердің бостандығы мен мемлекеттік суверенитетіне қарсы бағытталған «қырғиқабақтық соғыс» саясатын жүргізіп отырған АҚШ билеушілерінің Чехословак территориясының қол сұғылмайтын бүтіндігін бұзудың бұл әрекеті үшін де басты жауап беретін болғандықтан, тиісті чехословак органдары ұсталған американ армиясы әскери қызметшілерінің өздерін еліне қайтаруды сұраған өтінішін еске алып, оларды сот жолымен құдалаудан бастартты және ұсталған топтың бәрін таяудағы уақытта Батыс Германияға қайтаруға ұйғарды. Бұларды тапсыратын орын мен уақыт туралы Батыс Германиядағы тиісті американ органдарына Құрама Штаттардың елшілігі арқылы хабар берілді.

БҰҰ-ның қамқорлық жөніндегі советінде

НЬЮ- ЙОРК, 16 июль. (СОТА). Кеше БҰҰ-ның қамқорлық жөніндегі советі Тынық мұхиттағы —Маршалл аралдарындағы қамқорлыққа алынған территорияда атом қаруы мен термоядролы қаруды сынау әрекетін тоқтатуға Құрама Штаттарды шақырған Совет Одағының қарарын қабылдамай тастады. Совет Одағы қарарды жақтап дауыс берді, Сирия мен Индия қалыс қалды. Қамқорлық жөніндегі совет сонымен қатар сынау әрекеттерінің заңдылығы жөнінде халықаралық сот қарар қабылдағанға дейін сынау әрекеттерін уақытша тоқтатуға шақырған Индияның қарарын да қабылдамай тастады.

Бельгияның, Францияның және Англияның бірлескен қарар жобасы үшін тоғыз дауыс берілді. Совет Одағы Индия және Сирия бұған қарсы дауыс берді. Бұл қарар жобасында былай деп көрсетілген: егер Құрама Штаттар қамқорлықтағы территорияда термоядролы қаруды онан әрі сынау қажет деп санаған күнде, олар сақтану шараларын қолдануға тиіс.

Неміс жастары еркін неміс жастары одағына Батыс Германияда заңсыз тыйым салынуына қарсы наразылық білдіруде

БЕРЛИН, 18 июль. (СОТА). Неміс демократиялық баспасөздерінің хабарына қарағанда, Батыс Германияның және Герман Демократиялық Республикасының жастары көп адам қатысқан митингтерде, жыйналыстарда, хаттарда және қарарларда Карлсуэр федералдық топтың еркін неміс жастар одағына Батыс Германияда тыйым салу туралы заңсыз үкіміне қарсы батыл наразылық білдіруде.

Бейбітшілік жолындағы жас қызметкерлер Аахен аудапының (Солтүстік Рейн—ред.) көптеген елді пункттеріндегі еркін неміс жастар одағына тыйым салуға қарсы наразылық білдіруге шақырып, жүздеген листовкалар таратқан.

Эйзенахе қаласында (Герман Демократиялық Республикасы) ЕНЖ одағының аудандық уйымдық жыйналысына қатысқан 300 делегат, ЕНЖ одағының 10 мың мүшесі атынан ездері қабылдаған қарарда Батыс Германиядағы ЕНЖ одағының мүшелері бейбітшілік үшін ешбір кедергісіз күрес жүргізуге праволы деп мәлімдеген және Батыс Германияның жас патриоттарын түрмеден босатуды талап еткен.

Эйзеннахедағы автомобиль заводының жүздеген жас жұмысшылары да Батыс Германияда ЕНЖ одағына тыйым салуға қарсы наразылық білдірген.

комиссиясының председатели Рондонуву комиссия келіссөздердің нәтижесіне наразы деген. Ол Индонезияның біржақты қадам жасап, деңгелек стол келісімі мен Голландия —Индонезия одағы туралы келісімді бұзуға праволы екенін атап көрсеткен.

Парламенттің ықпалды мүшесі Диапари Индонезияның Батыс Ирианға (Жаңа Гвинеяның батыс бөлігі. —Ред). толық правосы бар деп мәлімдеген. Голландиялықтар, —деген Диапари бұдан кейін,— Батыс Ириан туралы мәселеде АҚШ- қа үміт артып отыр. Бірақ, біз голландиялықтарды Батыс Ирианнан кетіру үшін барлық шараларды істеуге тиіспіз.

Газеттер отаршылдық әрекеттің қалдықтарын жою жолындағы халықтық қозғалыстың күшейгенін хабарлауда.

Ауылшаруашылық жұмысшылары кәсіподағының (Сарбупри) баспылығы 500 мың мүше атынан Гаагадағы Индонезияның сыртқы істер министрі Сунарьога телеграмма жолдап, оның Голландия — Индонезия одағын жою және Батыс Ириаиды Индонезияға қосу мақсатымен батыл позиция ұстауын талап еткен.

ҚЫТАЙ ТЕРРИТОРИЯСЫНДА ГОМИНДАНДЫҚ САМОЛЕТТЕР АТЫП ТҮСІРІЛДІ

ПЕКИН, 17 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігі мынадай хабар берді:

Соңғы екі аптада Қытай халық-азаттық армиясының Қытайдың Оңтүстік- Шығыс бөлегінде орналасқан жер бетіндегі және әуе бөлімдері американда жасалынған чанкайшишылардың 5 самолетін атып түсірген және зыяндаған.

6 июльде таңертең бір авиациялық бөлімше Қытайдың Чжэцзян провинциясының Шығыс бөлегіне басып кірген екі истребительді атып түсірген және басқа екі самолетті зыяндаған. Атып түсірілген екі самолет Сяншань уезінде шығыс жағалауда теңізге құлаған.

3 июльде таңертең Қытай халық-азаттық армиясының Амойдағы әскерлері Америкада жасалған чанкайшилік барлау самолетін зыяндаған.

БОНН ҮКМЕТІ ГЕРМАНИЯНЫ БӨЛШЕКТЕУ САЯСАТЫН ОНАН ӘРІ ЖҮРГІЗУДЕ

БЕРЛИН, 19 июль. (СОТА). АДН агенттігі былай деп хабарлайды:

Бонн бундестагінің председателі доктор Элерс Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасы президиумының федералдық жыйналысқа жазған Германияны қайта біріктіру және герман проблемасын бейбітшілікпен шешу туралы мәселе жөнінде жалпыгермандық келіссөздер жүргізу жөніндегі ұсынысын қабылдамады.

Элерс былай деп мәлімдеген: оның Халық палатасының федералдық жыйналысқа жазған хатына жауап беретін ойы жоқ. ГДР Халық палатасы президиумы хатының мазмұны федералдық жыйналыс мүшелеріне жеткізілмеген.

пайдасына шешті.

Таңертеңнен «Спартак» стадионында күшті қолдарға тиген доптардың дыбысы естіледі. 17-18 июльде мұнда волейбол және баскетбол командаларының қорытынды жарыстары болып өтті. Алаңға бірінші болып Батыс Қазақстанның және Алматы облысының ерлер командасы шықты. Ойын өте күшті сыпат алды. Үш кезеннен кейін есеп 2:2 болып тең түсті. Батыс Қазақстанның көптеген спортшылары өздерінің жерлестерінің табыстары мен сәтсіздіктеріне қымарта қарауда. Бесінші кезең күшті күрес жағдайында өтті. Кесуі (1:1) есебімен тепе-тең аяқталды. Кешесі күні астана футболшылары өте маңызды ойынды ұтты. Олардың басекелестері—республиканың өткен жылғы чемпионы—Оңтүстік Қазақстанның командасы 0:5 есебімен жеңіліп қалды.

Қостанайлықтар ойынды сәтсіз өткізуде. Олар екі ойында да бірде-бір ұпай ала алмады. Қостанай спортшылары Оңтүстік Қазақстан командасымен кездесуде 1:8 есебімен, ал шығыс қазақстандықтардан 1:6 есебімен ұтылды.

(ҚазТАГ).

ИНДО- ҚЫТАЙДА АУРУ ЖӘНЕ ЖАРАЛЫ СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫН АУЫСУ

ШАНХАЙ, 16 июль. (СОТА). Вьетнам информация агенттігінің хабарлауынша, Вьетнам Халық Армиясы мен Француз одағының қарулы күштерінің жоғарғы командованиелері өкілдерінің арасында Тунг-Жиада болған соғыс кеңесіндегі қол жеткен келісімге, сәйкес екі жақтың байланыс офицерлері ауру және жаралы соғыс тұтқындары жеткізілетін пунктте —Вьет-Три қаласында және Хай-Тонгта (Сам-Сонның солтүстігінде екі километр жерде, Солтүстік Вьетнам) кездесті.

14 июльде Вьетнам жағы француз жағына 100 соғыс тұтқынын берген. Француз жағы Вьетнам жағына 100 соғыс тұтқынын берген, 15 июльде таңертең ауру және жаралы соғыс тұтқындарын ауысу онан әрі жүргізілген.

Соғыс кеңесінде қол жеткен келісімге сәйкес, бүгін Фонг-Танда (Орталық Вьетнамда. Би-Дон қаласынан 8 километр жерде) ауру және жаралы соғыс тұтқындарын ауысу туралы мәселені егжей-тегжейіне дейін талқылау үшін екіжақтың байланыс офицерлері кездеседі.

ЧАНКАЙШИЛІК СОЛДАТТАРДЫҢ ҚХР ЖАҒЫНА ШЫҒУЫ

ПЕКИН, 19 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабар еткеніндей, соңғы күндері Қытай Халық Республикасының провинциясының жағалауындағы кішкентай аралдарынан және Кильмынь аралынан қашқан 14 чанкайшилік солдаттар жағалауды Қорғау отрядтарына Фуцзянь берілген.

ГОЛЛАНДИЯДА БАҒАНЫҢ ӨСУІ

ГААГА,19 июль. (СОТА).«Де телеграаф» газеті былай деп жазады: тамақ өнімдері бағасының қымбаттауы салдарынан Голландияда күн көріс қыйындап барады.

1953 жылдың 15 декабрінен бастап тамақ өнімдерінің бағасы, шамамен алғанда 9 процент қымбаттаған.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«МҰНЫ ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ»

Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ӘНДЕР»

Сағат 6-30, 8-30-да басталады.

Құрылысшы инженер немесе құрылыс жөнінде тәжрибесі бар техник, тасшылар, ағаш шеберлері, жүк тиеушілер КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Киров көшесі 141-үй.

«АвтоТЭК» мекемесіне жүк тиеушілер КЕРЕК.

Еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді.

Жұмысқа кіремін деушілердің күн сайын жұмыс уақытында келіп немесе 1—28 телефон арқылы түсінік алуларына болады.

Темекі фабрикасына жүк тиеушілер, сол сыяқты, секретарь- машинистка КЕРЕК.

АДРЕС: Коминтерн көшесі 43-үй.

Петропавл қаласы, Дзержинский көшесі, 81-үйде тұрушы Мырзаханова Хаирниса Петропавл қаласы Дзержинский көшесі 81-үйде тұрушы Антов Мұстафадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 1-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәденнет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02069. **Қазақ ССР Мәденнет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.**